

**ЖАЙЛЫ МЕКТЕП МАЙЛЫ МЕКТЕПКЕ АЙНАЛМАСЫН...**

8-БЕТ | ҚОҒАМ



**ШЫҒЫС ЕУРОПАДАҒЫ ШИЕЛЕНІС: КЕРІС ПЕН КЕЛІСІМ**

11-БЕТ | ШАРТАРАП



**КӨШ БАСТАҒАН КӨПЕСТЕР**

12-БЕТ | ШАҺАР ШЕЖІРЕСІ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

«Заң мен тәртіп» қағидасы халықтың санасына терең орнығуға тиіс. Ол үшін кез келген құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеушілік» қағидасын берік ұстану қажет. Бұл бағыттағы жұмыстар барлық деңгейде ұйымдастырылуы керек.

№29 (4773)
Бейсенбі
13 наурыз
2025 жыл

# ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Оңалхан ӨНЕРХАН



# ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАЙДЫ

Астанадағы техникалық колледжде өндіріске қажет 5 мамандық және 12 кәсіптік біліктілік бойынша 800 студент білім алып жүр. Бұл колледж республика аумағында лифт шаруашылығы және эскалатор мамандығын даярлайтын жалғыз оқу орны болып отыр. Алдағы уақытта колледжде еңбек нарығына қажетті жаңа мамандықтарды оқыту жоспарланған.

6



## ЖӘНІБЕК ЖЕКПЕ-ЖЕК ӨТКІЗЕДІ

WBO және IBF нұсқалары бойынша әлем чемпионы Жәнібек Әлімханұлы 5 сәуір күні Астана қаласында өз атақтарын қорғайды.

Жәнібек Әлімханұлының (16-0, 11 KO) қарсыласы – француздық Анауэль Нгамиссен (14-0, 9 KO). Бокс кешіне билеттер сатылымға шықты. afisha.yandex.kz билеттердің бағасын жариялады. Билеттің ең арзаны 20 мың теңгеден басталып, 255 мың теңгеге дейін жетеді.

Аталған бокс кешінде қазіргі уақытта ұлттық құрама сапында жүрген ағайынды Махмұд пен Төрехан Сабырхандар кәсіпқой бокста бақтарын сынап көрмек. Сондай-ақ Олимпиада ойындарының екі дүркін чемпионы, өзбекстандық Баходир Жалолов та осы кеште кәсіпқой бокстағы кезекті жекпе-жегін өткізеді деп күтілуде.



Астанадағы Қ.Мұңайтпасов атындағы ескі стадионның орнына жаңасын салуға Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, заңсыз иемденілген активтер есебінен 17,3 млрд теңге қаражат бөлу туралы шешім қабылданды.

Қ.Мұңайтпасов атындағы орталық стадион 1936 жылы салынған. Қазіргі таңда ескі ғимарат жарамсыз болғандықтан толығымен бөлшектелген. Жаңа стадионның құрылысы 2025 жылдың соңында аяқталады деп жоспарланып отыр.

Спорт нысаны қозғалыс мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған орындарды қоса алғанда, 3598 орынға есептелген. Стадион UEFA халықаралық стандарттарына сай салынады. Құрылыс аяқталғаннан кейін нысанды Астана қаласы әкімдігінің №8 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің балансына берілмек.



## КӨКТЕМДЕГІ ҚАЛЫҢ ҚАР

Астанада толассыз жауған қар мен көктайғақтың алдын алу бойынша коммуналдық қызметтер тәулік бойы тоқтаусыз жұмыс істеуде.

Өткен түнгі ауысымда қар тазалау жұмысына 444 жол қызметкері мен 1808 бірлік арнайы техника жұмылдырылды. Коммуналдық қызметтер 4199 ауыр жүк көлігімен қаладан 56 727 текше метр қар шығарды.

Жалпы, қыс мезгілі басынан бері қаладан 584 773 ауыр жүк көлігімен 7,3 миллион текше метрден астам қар шығарылды.

«Елорда тұрғындары мен қонақтарынан жолдарда абай болуды, қауіпсіздік ережелерін сақтауды, дауылды ескерту болған жағдайда алыс сапарларға шықпауды сұраймыз. Төтенше жағдай туындаған кезде «112» нөміріне хабарласыңыз» делінген қала әкімдігі сайтының хабарламасында.

№29 (4773) 13/03/2025 Бейсенбі



# МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРҒА НАЗАР АУДАРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Абай облысының әкімі Берік Уәлиді қабылдады. Президентке өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы есеп беріліп, алдағы кезеңге арналған даму жоспары таныстырылды.

Облыс әкімі жергілікті бюджеттің шығыс және кіріс бөлігіне жан-жақты талдау жүргізілгенін жеткізді. Соның нәтижесінде қаржыландырудың басым бағыттары анықталды. Ал үнемделген қаражат өзекті мәселелерді шешуге жұмсалады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2028 жылға дейін жүзеге асырылатын 24 инвестициялық жобаның тізімі жасақталғаны туралы баяндалды. Жалпы құны 2,2 триллион теңге болатын бұл бастамалар 8 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Оның ішінде алты жоба биыл іске қосылады.

Берік Уәли облыстағы әлеуметтік нысандардың және коммуналдық инфрақұрылымның жай-күйі жөнінде мәлімет берді. Атап айтқанда, тұрғындардың сұранысына сай мектептер мен балабақшалар салу, мәдениет және денсаулық сақтау нысандарын жаңғырту жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, коммуналдық шаруашылық саласындағы қордаланған проблемаларды, әсіресе Семей қаласының осы бағыттағы мәселелерін шешу өте өзекті.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 5 нысанның және оқушылар сарайының құрылысы қолға алынды. Облыс орталығындағы аспалы көпірді реконструкциялаудың жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, Ертіс өзені арқылы өтетін тағы бір көпір салынып жатыр. Осы ретте аспалы көпірдің жүктемесін азайтып, көлік нөпірін реттеу мақсатында Семей қаласында айналма жол салу мәселесі пысықталуда.

Мемлекет басшысы аймақтағы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешілуі тұрғындардың тұрмыс деңгейін арттыруға ықпал ететінін атап өтті. Сондай-ақ облыс әкіміне Үкіметпен бірге өңірді қарқынды дамыту жолдарын қарастырып, өзекті мәселелерді кезең-кезеңімен шешуді тапсырды. Қасым-Жомарт Тоқаев өңдеу өнеркәсібін өркендету, жаңадан тұрақты жұмыс орындарын ашу, облыс орталығын абаттандыру және инфрақұрылымды дамыту бағытында іс-шаралар қабылдау қажет екеніне тоқталды. Сонымен қатар Абайдың 180 жылдығына арналған мерейтойлық іс-шараларды лайықты деңгейде ұйымдастырудың маңызына назар аударды.



# ҮЙІҢДІ КІМ БАСҚАРАТЫНЫН ТАҢДАЙ АЛАСЫҢ...

Мәжіліс тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері туралы заң жобасы мен «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекс пен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілетін ілеспе түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады.

Негізгі заң жобасы тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы заңнаманы жетілдіру үшін әзірленді. Онда қарастырылған жаңа тұжырымдамалар мен түзетулер тұрғындарға кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жағдай мен қоғамдық қатынастарды ескере отырып басқаруға мүмкіндік береді.

Заң жобасы тұрғындарға өз үйін кім және қалай басқаратынын таңдаудың нақты мүмкіндігін ұсынады. Екі негізгі нұсқа бар:

- Мүлік иелерін біріктіру;
- Тікелей біріккен басқару (жай серіктестіктерге ұқсас, бірақ пәтерлер саны шектеусіз).

Бұл ретте жай серіктестіктер жойылмайды, олар тек бірлескен басқару тұжырымдамасына біріктіріледі. Пәтер иелері басқару процесін қалай ұйымдастыру керектігін еркін таңдай алады:

- Тәуелсіз басқару – меншік иелерінің бірлестігі меншік иелері арасынан жұмысты ұйымдастыратын, қызметкерлерді жалдайтын және ғимараттың жағдайына жауап беретін төраға сайлайды;
- Кәсіби басқару – меншік иелерінің бірлестігі кәсіби менеджермен келісім жасай алады, ал төраға бақылау функцияларын орындайды;
- Басқаруды аутсорсингке беру – меншік иелерінің бірлестігі тек қадағалау өкілеттіктерін сақтай алады және барлық мәселені басқарушы компанияға бере алады.

Тұрғындар жиналыс ұйымдастырмаса, үй автоматты түрде «тастанды» болып есептеледі және жергілікті билік уақытша басқарушыны тағайындай алады. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша енгізілген түзетулерге сәйкес, пәтер иелері кооперативтері бұдан былай шаруашылық жүргізудің дербес нысаны болмайды. Енді олар ортақ мәселелерді (мысалы, аумақты тазалау, лифтілерді пайдалану) шешу мақсатында бірнеше үйді біріктіретін бизнес құрылымдар ретінде қарастырылатын болады.

Сонымен қатар барлық пәтер иелері кооперативтері міндетті түрде қайта тіркеуден өтіп, жаңа жарғылар алып, коммерциялық емес ұйым аясында қатаң түрде жұмыс істеуі қажет. Мұндай кооперативтердің кірістерін мүшелер арасында бөлуге болмайды, бірақ экономикалық қажеттіліктерге жұмсалуы керек.

# ЫҚПАЛДАСТЫҚ КЕЛЕШЕГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астанаға ресми сапармен келген Әзербайжанның Сыртқы істер министрі Джейхун Байрамовпен кездесу өткізді.

Президент мейманға ілтипат білдіре отырып, сан қырлы мемлекетаралық байланысты одан әрі нығайту тұрғысынан бұл кездесудің маңызын атап өтті. «Сіздің сапарыңыздың бауырлас Әзербайжан елімен ынтымақтастығымызды одан әрі ілгерілету тұрғысынан мәні зор. Біз үшін Әзербайжанмен қарым-қатынас ерекше маңызға ие. Біз Сіздің еліңізді сенімді стратегиялық серіктес және одақтас ретінде қарастырамыз» деді Президент.

Өз кезегінде Әзербайжанның Сыртқы істер министрі дәстүрлі түрде қонақжайлық танытқаны үшін ризашылығын білдіріп, екіжақты қарым-қатынастың қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды. Джейхун Байрамов орайлы сәтті пайдалана отырып, әзербайжандық әуе желісіне тиесілі ұшақтың Ақтаудағы апаты кезінде жедел көмек көрсеткені үшін Қазақстан тарапына Президент Ильхам Әлиев пен Әзербайжан халқының атынан алғыс айтты.

Кездесуде ауқымды стратегиялық жобаларды жүзеге асыру, соның ішінде Каспий теңізінің табаны арқылы талшықты-оптикалық байланыс пен суасты электр желісін тарту мәселелері талқыланды. Сонымен қатар сауда, инвестиция, цифрландыру, көлік-транзит салаларындағы өзара ықпалдастықты одан әрі жандандыру перспективасы қарастырылды.



# ПРЕЗИДЕНТ КӨҢІЛ АЙТТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әйгілі композитор, «Отырар сазы» ұлт аспаптары академиялық оркестрінің негізін қалаушы Нұрғиса Тілендиевтің жары, белгілі мәдениет қайраткері Дариға Тілендиеваның дүниеден өтуіне байланысты туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтты.

# ЖІӨ ӨСІП КЕЛЕДІ

Премьер-министр Олжас Бектенов экономикалық блок министрліктері басшылығымен Мемлекет басшысының ел экономикасының тұрақты өсуі мен әртараптандырылуын қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын орындау мәселесі бойынша жұмыс кеңесін өткізді. Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин биылғы қаңтар-ақпан айларындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндама жасады.

Есепті кезеңде ЖІӨ өсімі 5,4%-ды құрады. Тауар өндірісі мен қызмет көрсету секторында өсу серпінінің жақсарғаны байқалады. Өнеркәсіптік әлеуетті ашу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар өнеркәсіп өндірісінің көлемін 5,7%-ға арттыруға мүмкіндік берді. Өңдеу өнеркәсібі бойынша бұл көрсеткіш 8,9%-ды құрады. Негізгі салалар ішінде машина жасау (18,2%), азық-түлік өндірісі (13,1%), құрылыс материалдары өндірісі (21,6%) және металл бұйымдары өндірісі (20,1%), сондай-ақ химия өнеркәсібі (9%) жоғары көрсеткіштер көрсетті. Тау-кен өнеркәсібінде өсім 4,1%-ды құрады.

Құрылыс саласында жоғары қарқын сақталған. Орындалған жұмыстар көлемі 408,1 млрд теңгеге, ал нақты көлем индексі 112,8%-ға жетті. Сауда саласындағы өсім 6%-ға, ал көлік және қоймалау қызметі 21,3%-ға артқан. Жалпы, астық, тұқым және мал азығы (өсім 5,8 есе), фармацевтикалық өнімдер (44,6%-ға), автокөліктер мен жеңіл көліктер (38,8%-ға) өткізетін көтерме сауда кәсіпорындары айтарлықтай жоғары үлес қосты. Астық тасымалы 43%-ға артып, 2,4 млн тоннаға жетті, ал ұн өнімдерін тасымалдау 12%-ға өсті.

Сонымен қатар терең өңделген өнім өндіретін салаларды қолдау жүйесінің нәтижелері атап өтілді. Осылайша, қосылған құны жоғары өнімдер, атап айтқанда, құрама жем экспорты 5 есеге өсіп, 273 мың тоннаны құрады (2024 жылы – 56 мың тонна), өсімдік майының экспорты 28%-ға артып, 94 мың тоннаға жетті.



# ҮЙДІ САПАЛЫ ӘРІ ЗАҢДЫ САЛАЙЫҚ



Елорда қарқынды түрде дамып, халық саны артып келеді. Бұл процесте құрылыс маңызды рөл атқарады. Қала әкімі Жеңіс Қасымбек құрылыс компанияларының өкілдерімен кездесуде өзекті мәселелер мен бірлескен жұмыстың басымдықтарын талқылады. Жиынға сондай-ақ қалалық прокуратураның, полиция мен мемлекеттік органдардың және т.б. өкілдері қатысты.

«Қаланың дамуында маңызды аспекті – құрылыс компанияларының тұрғын үйлерді сапалы әрі заңды түрде салуы. Дегенмен, оны бәрі бірдей ұстана бермейді. Мәселен, өткен жылы 431 жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, 600-ге жуық заң бұзылғаны анықталды. Алты компания құрылыс лицензиясынан айырылды, сол сияқты заң мен құрылыс нормаларын бұзғаны үшін 180-нен астам талап-арыз сотқа жолданды. Жерге қатысты тиісті құжат алмай құрылысы басталған төрт нысан сот шешімімен бұзылды. Аталған жұмыстың барлығы биыл да жалғасып жатыр. Құрылыс компаниялары қолданыстағы заңнаманың нормаларын қатаң сақтауы тиіс. Құрылыс-монтаждау жұмысы тек құрылыс нормалары мен стандарттарына сәйкес жүргізілуі қажет. Сондай-ақ құрылыс жүргізу және мониторинг барысында орындалатын жұмыстардың арнайы бекітілген жобалық құжаттама мен стандарттарға сәйкестігін үнемі тексеріп отыру қажет. Жауапты тұлғалар орындалатын операциялардың қауіпсіздік талаптарына толықтай сәйкестігін қадағалай отырып, материалдардың сапасы мен технологияларға сәйкестігін бақылауы керек» деп жазды қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында.

Әкім энергияның тиімділігіне, сондай-ақ экологиялық тазалыққа, оның ішінде құрылыс қоқыстарын шығаруға қатысты стандарттарды сақтауға ерекше назар аудару қажеттігін атап айтты. «Қоқысты арнайы жабдықталған полигонға шығару керек. Оны рұқсат етілмеген орындарға төгіп, сол арқылы қоршаған орта мен елорданың келбетіне зиян келтіруге болмайды. Заң бұзу оқиғалары анықталған жағдайда құрылыс компаниялары жауапкершілікке тартылады, оның ішінде айыппұл салу, қызметін тоқтату және заңсыз салынған нысандарды бұзу мәселелері қарастырылған» деді ол.



# ГАЗ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерсін Өтебаевтың төрағалығымен сұйылтылған табиғи газдың көлемін бөлу бойынша комиссия отырысы өтті. Бұл туралы қалалық мәслихат депутаты Кендебай Адамбек мәлім етті.

Депутаттың айтуынша, қалаға газды «Ақтөбемұнайгаз» АҚ және Атырау мұнай өңдеу зауыты бөледі. Әр мекемеден 2 тоқсанға жалпы 17820 т және 3888 т газ бөлінбек.

– Мен комиссия мүшесі ретінде 14 коммерциялық құрылымға лимиттерін беруін қолдадым. Сондай-ақ өз тарапымнан уақытында құжаттарын тапсырмаған 3 мекеме туралы, олардың енді газ алушы тізімінен шығару туралы мүдделі басқарманың ұсынысы бойынша түсініктеме алдым, – деді Кендебай Адамбек.

Сондай-ақ отырыста газ бағасының тұрақтылығы да сөз болған. Қазір Астанада шектелген баға 102 теңге болып тұр.

# ҚОҚЫС ТАСТАҒАНҒА АЙЫППҰЛ АРТТЫ

Елордада рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін жою және заң бұзушыларды анықтау бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Құқық бұзушыларды анықтау мақсатында қаланың барлық ауданында мониторинг жүргізілуде, кінәлілер айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Әкімдіктің ресми сайты хабарлағандай, 2025 жылдың 10 қаңтарынан бастап «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 344-бабына өзгертулер енгізіліп, оған сәйкес рұқсат етілмеген орындарға қоқыс тастағаны үшін жазалар күшейтілді. Ол осы жылдың 13 наурызынан бастап күшіне енеді.

Енді қоқысты стихиялық полигондарға тастағаны (рұқсат етілмеген орындарға қоқыс тастағаны) үшін жеке тұлғалар мен кәсіпорындарға 100-ден 1000 АЕК-ке дейін (393 200 теңгеден 3 млн 932 мың 200 теңгеге дейін) айыппұл салынады. Заң бұзу бір жыл ішінде қайталанса (ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін – үш жыл ішінде), айыппұл екі есеге артады: жеке тұлғаларға – 200 АЕК, лауазымды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне және коммерциялық емес ұйымдарға – 750 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 1000 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 2000 АЕК.

Мәселен, өткен жылы қаланың алты ауданында 404 рұқсат етілмеген қоқыс үйіндісі анықталып, одан 257 мың тоннадан астам қалдық шығарылды. Алматы ауданында 28 учаске жойылып, 54 мың тонна қоқыс шығарылды. Байқоңыр ауданында 67 полигон жойылып, 50 461 тонна қалдық шығарылды. Есіл ауданында 56 орын жойылып, 35 мың тоннадан астам қоқыс полигонға жөнелтілді. Сарайшық ауданында 88 учаске жойылып, 42 мың тонна қоқыс шығарылды. Сарыарқа ауданында 30 учаске тазартылып, 36 мың тоннаға жуық қалдық шығарылды. Нұра ауданында 135 орында қоқыс үйіндісі жойылып, одан 40 мың тонна қоқыс шығарылды.

Заңсыз үйінділермен күрес тек оны жою арқылы ғана емес, сонымен қатар бақылауды күшейту және тәртіп бұзушыларды жауапкершілікке тарту арқылы да жүзеге асырылады. Қалада мобильді топтар мен заң бұзушылықтарды тіркейтін iKomek жүйесі белсенді жұмыс істейді. 2024 жылғы тексеріс қорытындысы бойынша рұқсат етілмеген орындарға қоқыс тастағаны үшін 409 жүк көлігінің жүргізушісіне 8,6 миллион теңге айыппұл салынды. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 505-бабында көзделген абаттандыруды бұзғаны үшін 22 099 құқық бұзушыға 62 миллион теңгеден асатын айыппұл салынды. Сол сияқты қоғамдық аумақтарды ластағаны үшін 16 098 құқық бұзушының мойнына 315 миллион теңгеден аса айыппұл ілінді.

Байқоңыр ауданында 2025 жылы рұқсат етілмеген 3 полигон анықталып, жойылды. Сарыарқа ауданында осы жылдың алғашқы екі айында 3 рұқсат етілмеген үйінді анықталып, жойылып, одан 80 тонна құрылыс және тұрмыстық қалдықтар шығарылды. Алматы ауданында 1 орын анықталып, 60 тоннадан астам құрылыс қалдықтары шығарылды. Биыл Есіл ауданында 8 орын анықталып, қалдықтарды шығару жұмысы жоспарланып отыр. Нұра ауданында 3 орын анықталып, одан 50 тонна қоқыс шығарылды. Сарайшық ауданында рұқсат етілмеген 2 полигон анықталып, жойылып, одан 78 тонна құрылыс және тұрмыстық қалдықтар шығарылды.

Кеше Астана қаласы мәслихатының депутаты Маулен Самамбетов Астанада қоғамдық көлік жүргізушілеріне арналған демалыс алаңдарын абаттандыру жұмыстарымен танысып, аялдамалар мен автобус парктерін аралады.

# АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Шапағат ӘБДІР

Аралау барысында Көлік және жол-көлік инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Тұрсынғали Жәкенов елордада бұрын автобустар тоқтайтын соңғы аялдама болмағанын, олардың жол бойында тоқтап жүргенін атап өтті. Қазіргі таңда арнайы орындар бөлініп, автобустар сол жерде тұрақтайтынын жеткізді. Сонымен қатар, алдағы уақытта соңғы аялдамаларға арнайы экотуалеттер орнатылатынын айтып өтті.

Қазіргі таңда қала бойынша 5 соңғы аялдамада асфальттау жұмыстары аяқталып, алдағы екі ай ішінде жүргізушілердің жайлылығы үшін жылы дәретханалар орнатылмақ. Ал жыл соңына дейін тағы 10 аялдамада жылы павильондар мен биодәретханалар орнату жоспарлануда. Бұл нысандардың күтімімен №1 автобус паркі айналысады.

# ОҚУШЫЛАР КӨРМЕНІ ТАМАШАЛАДЫ

Елордадағы М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында «Әдемі әлем» атты жұмысшы мамандықтарының көрмесі өтті. Қала мектептерінің оқушылары жұмысшы мамандықтар бойынша студенттердің жұмыстарын және шеберлік сабақтарын тамашалады. Бұл туралы Астана әкімдігінің ресми сайты хабарлады.



Көрмеге қойылған жұмыстардың барлығы осы саладағы кәсіптерге тән қажырлы еңбек пен ұрпақтар сабақтастығы философиясын көрсетті. Іс-шара елорда мектептерінің түлектері мен олардың ата-аналарын шығармашылық салада мамандар дайындайтын астаналық техникалық және кәсіптік оқу орындарымен таныстыруға бағытталған.

«Мектеп оқушылары үшін көрме ұйымдастырылып, онда сұранысқа ие 7 мамандық ұсынылды. Іс-шара оқушыларға мамандықтарды тереңірек білуге және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға мүмкіндік беретін шеберлік сыныптары мен көрсетілімдерді қамтыды. Мұндай бастамалардың басты мақсаты – мектеп оқушыларының бағыт-бағдарын анықтауға көмектесу ғана емес, сонымен қатар, жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру. Көрмеге елордадағы 300-ге жуық оқушы жиналды» деді ұйымдастырушы, «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының бөлім басшысы Арайлым Сапарәлі.

Сондай-ақ оқушылар «Шаштараз ісі», «Тігін өндірісі және киім үлгілеу», «Дизайн», «Гүл өсіру» мамандықтары бойынша колледж оқытушылары мен студенттерінің шығармашылық жұмыстарын тамашалады. Көрмеде керамика, гүл композициялары, ұлттық киімдер, шеберлік сабақтары ұсынылды. «Осындай көрмеге қатысқаныма қуанып отырмын, өйткені бұл – түлектерге болашақ мамандығын таңдауға көмектесетін керемет бастама. Ұйымдастырушылар барлық саланы мерекелік және шығармашылық жолмен жеткізді, бұл мамандықтарды тану үдерісін қызықты етеді. Мұнда ұсынылған көптеген сала бар, олардың әрқайсысы өзінің ерекшелігін айқын көрсетеді. Өзім көптеген алаңды аралап шықтым және осы мамандықтардың қыр-сырын, артықшылықтарын білгеніме қуанып отырмын» деп өз әсерімен бөлісті мектеп оқушысы Надыржан Темірболат.

# КӘСІПКЕРЛІК: САЛАДА СЕРПІН БАР

Былтыр Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы елеулі жұмыстар атқарып, нақты нәтижелерге қол жеткізді. Сондай-ақ қызметінің басым бөлігі – елорданың экономикалық өсуіне, оның ішінде инвестицияларға, өнеркәсіпті дамытуға және туризмге арналған салалық басқармада биыл айтарлықтай жобалар легі жетерлік. Бұл туралы басқарма басшысы Халел Әкімжанов Астана қалалық Коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтып берді.

Ержан ҚОЖАС



Оның сөзінше, қаладағы шағын және орта бизнес саласы елорданың 521,5 мың тұрғынын жұмыспен қамтып отыр. Бұл – Астананың экономикалық белсенді халқының 70%-ын құрайды.

«Өткен жылы ШОБ субъектілерінің саны 8,5%-ға өсіп, 250,5 мыңға жетті. 2024 жылдың 9 айында шағын және орта бизнес субъектілері 11 трлн теңгеден астам өнім өндіріп, қызмет көрсетті. Мемлекеттік қолдау «Біртұтас кешенді бағдарлама» аясында сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, несиелерді ішінара кепілдендіру және мемлекеттік гранттар беру арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, «Астана Бизнес» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасымен 2,5 млрд теңгеге 45 субъектіге қолдау көрсетілмек. Сондай-ақ елордада әлеуметтік кәсіпкерлік қарқынды дамып келеді. Қалада 835 кәсіпкердің 175-і әлеуметтік кәсіпкер ретінде тіркелген, бұл – республика бойынша ең жоғары үлес. Негізгі бағыттары – мектепке дейінгі білім беру, ерекше балаларды оңалтуға арналған түзету орталықтары» дейді басқарма басшысы.

Халел Әкімжановтың айтуынша, биыл шағын және орта бизнесті қолдауға бюджеттен 28 845 млн теңге қарастырылған.

«Екіншіден, Президент Жолдауы аясында әкімдік экономиканы әртараптандыру және отандық өндірісті ынталандыру бойынша жүйелі шаралар қабылдауда. Былтыр өнеркәсіп өндірісінің өсімі 6%-дан асып, 2,5 трлн теңгеден асты. Биыл бұл көрсеткішті 2,6-2,7 трлн теңгеге дейін жеткізу, өңдеу өнеркәсібінде 2,4 трлн теңгеге дейін өсіру жоспарланып отыр. Өнеркәсіптің негізгі дамуы №1 Индустриялық парк аумағында жүзеге асуда. Бүгінде мұндағы инвестициялық портфель 133 жобаны қамтиды. 72 жоба іске қосылып, 5,8 мың тұрақты жұмыс орны ашылды» дейді ол.

Бүгінде №1 Индустриялық парктің табысты жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып, №2 Индустриялық парк құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мұнда 150-ге жуық жаңа инвестициялық жоба тарту жоспарланып отыр. Қазірдің өзінде бірнеше инвестор өндіріс ашуға ниет білдірген.

Басқарма басшысы Астана үшін азық-түлік қауіпсіздігі маңызды мәселелердің бірі болып қала беретінін айтты. Ол үшін елордада Аграрлық-индустриялық аймақ құру жұмыстары жүргізілуде.

«85 гектар аумақта жүзеге асырылатын бұл жоба аграрлық және өнеркәсіптік секторларды интеграциялау бағытында маңызды қадам болмақ. Бұл аймаққа шамамен 30 инвестициялық жобаны тарту жоспарланып отыр. Биыл тиісті рәсімдік мәселелерді аяқтап, инфрақұрылым құрылысын бастауды көздеп отырмыз» деді брифингте Х.Әкімжанов.



Басқарма басшысы саладағы жалпы инвестиция көлемі былтыр 1,9 трлн теңгені құрағанын хабарлады. Ал биыл бұл межені 2,05 трлн теңгеге жеткізу жоспарланып отыр. Негізгі инвестициялық салалар – көлік, логистика, азаматтық құрылыс, ақпараттық технологиялар, сервистік қызметтер. Ал өткен жылы жалпы сомасы 300 млрд теңгені құрайтын 55 инвестициялық жоба іске асырылып, 4 мың жұмыс орны ашылған.

«Елордаға тартылған жеке инвестициялардың 30%-дан астамы көлік және логистика саласына тиесілі. Қазір бұл салада 60 жаңа инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Аталған сала белгілі бір инфрақұрылымға жоғары талап қоятын бағыттардың бірі болып табылады. Осыған байланысты өткен жылы 230 гектар аумақта арнайы экономикалық аймақ преференцияларымен жаңа логистикалық парк құру туралы ұсыныс енгізілді. Бұл шешім елордаға жаңа жобаларды тартуға қосымша серпін бермек» дейді ол.

Брифингте сауда және азық-түлік қауіпсіздігі, бағаны тұрақтандыру, әлеуметтік тауарлар және туризм саласы да айтылды.

«Астанада туризм тұрақты өсім көрсетуде. Өткен жылы қала 1,5 миллион туристті қабылдады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 14%-ға көп. Негізгі туристік нарықтар – Ресей, Қытай, Германия, Түркия, АҚШ және Оңтүстік Корея. Бұған қосымша бизнес-туризм мен медициналық туризм қарқынды дамып келеді. Ерекше назар оқиғалық (ивент) туризмге бөлінуде. Сонымен қатар, гастрономиялық және мәдени-спорттық туризмге басымдық беріліп отыр. Жалпы 2024 жылы елордада 168 халықаралық деңгейдегі іс-шара өтті. Биыл 300-ден астам мәдени-спорттық шара өткізу жоспарлануда» деді Х.Әкімжанов.

Айта кетейік, аталған басқарма жұмысы бүгінде Астананың Орталық Азиядағы жетекші туристік, инвестициялық және бизнес орталықтарының бірі ретіндегі орнын нығайтуға, туристік ағымды арттыруға және өңір экономикасына айтарлықтай үлес қосып келеді.



# ОНЛАЙН САУДАНЫ ТЕГІН МЕҢГЕРЕДІ

Елордада JOLTAP жобасы аясында онлайн сауда жасау негіздері бойынша жаңа тегін курсы басталады. Бұл туралы қала әкімдігінің ресми сайты ақпарат таратты. Курс оқытушысы Әлия Ергешпаева елордалықтар бұл мамандық түрін төрт күнде меңгере алатынын айтты.

«Бүгінде онлайн сауда жақсы дамып келеді. Адамдар азық-түліктен бастап киім-кешекке дейін тапсырыс беріп, сатып алып жатыр. Мен өзім бұл салаға келмей тұрып, көп жерде жұмыс істеп көрдім. Ал онлайн маркетплейстер туралы осыдан 3 жыл бұрын естідім. Осылайша арнайы оқудан өтіп, кәсіп бастап кеттім. Әрине, бастапқыда кәсібім алға жүріп кеткен жоқ. Ол кезде онлайн сауданың қыр-сырын білетін адамдар аз болды» дейді ол.

Онлайн сауда негіздеріне үйрететін курста практикалық жұмыстарға аса мән берілмек. Әлия Ергешпаева қазіргі таңда курс қатысушыларын тіркеу жүргізіліп жатқанын айтты. «Бұл курсты таңдаған жандар 4 күн бойы маркетплейсте жұмыс істеу әдістерін үйренеді. Оларға сатушы аккаунтын тіркеу, жарнама және баға белгілеу сияқты пайдалы ақпараттарды ұсынамыз. Курс соңында олар оқыған білімдері бойынша тест тапсырады. Осылайша аз уақыт ішінде тиімді сауда жасауды үйреніп алады» дейді Әлия Ергешпаева.

JOLTAP жобасы аясындағы қысқа мерзімді оқыту бағдарламасы 18-50 жас аралығындағы Астана тұрғындары үшін тегін түрде қолжетімді. Оқудан кейін қатысушыларға сертификат беріледі. Ал түлектердің кандидатуралары JUMYSTAP.KZ атты жұмыс және қызметкерлерді іздеуге арналған сайтта тегін жарнамаланады.



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

# ТАЗАЛЫҚҚА ЖАНЫ ҚҰШТАР

Астананың дамуына, көшелерінің айнадай таза болуы жолында аянбай еңбек етіп жүрген арулардың бірі – Айкерім Шілімбетова. Ол ұзақ жылдан бері «Астана тазалық» мекемесінде учаске шебері болып жұмыс істеп келеді.



Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Тазалықты жаны сүйетін еңбекқор жан қарамағындағы қыз-жігіттерден де тек соны талап етеді. Олар жазда елорда көшелерін күл-қоқыстан, қыста қардан тазалаумен айналысуда.

Есіл ауданындағы Бәйтерек учаскесіне алғашында жай жол жұмысшысы болып орналасқан Айкерім Жолдасқызы – бүгінде осы учаскенің шебері. Қарамағында 20 шақты жұмысшысы бар екен. Айтуынша, аудан аумағында екі учаске бар: оның бірі – ЭКСПО, екіншісі – өзі шеберлік ететін Бәйтерек учаскесі. Олар Қабанбай батыр даңғылынан бастап мост М-3, Қалдаяқов көшесіне дейін, Ақмешіт, Түркістан, Сауран көшелерін, Сығанақтан бастап Орынбор көшесіне дейін тазалаумен айналысады.

Жол жұмысшылары екі ауысыммен жұмыс істейді. Бірінші ауысым таңғы 6-дан 3-ке дейін жұмыс істесе, одан кейін келесі ауысым қызметке кіріседі. Кешкі бригада тағы бар. Қысқасы, жол жұмысшылары тәулік бойы тыным таппайды. Көшеге шығып жұмыс істемес бұрын алдымен кеңседе жиналып, техника қауіпсіздігі бойынша өткізілген кеңестен кейін журналға қол қойып, әркім өзіне бекітілген учаскеге жұмыс істеуге аттанады.

– Біз жазда көшедегі қоқыстарды жинаймыз, қыста қаланы қардан тазартамыз. Қуанатынымыз, жұмыстан кейін мекеменің көлігі үйімізге апарып тастайды, қажетті арнайы киімдерімізді алып береді. Астана үлкен қала ғой. Қанша жинап, тазалап жатсақ та, кейде таңертең жинап кеткен жеріміз түстен кейін шашылып жататын кездер болады. Ондайда ренжімей, қабақ шытпай, екінші ауысымның жұмысшылары қайта жинайды. Жұмыс оңай емес, әрине. Әсіресе аязды, боранды күндері ауыр. Бірақ, көбіне қимылдап жұмыс істегеннен кейін бе, тоңа қоймаймыз, – деді жұмысшы.

Көше тазалықшысы салқын, аяз күндері жылы аялдамаларға кіріп жылынып алатынын, мекеме күн сайын ыстық тағаммен қамтамасыз ететінін айтады. Сондай-ақ ол алатын жалақысына да риза екенін жеткізді.

– Жалақыдан бөлек мереке сайын сыйақы түсіп тұрады. Қалада тұратындар қоғамдық көліктерде тегін жүреді. Жол жұмысшыларының дені қала маңындағы ауылдардан келеді, оларды арнайы автобуспен тасымалдау қарастырылған. Қыстың күндері тегін тамақпен қамтамасыз етті. Түнгі ауысым, қосымша шыққан сағаттарымыз да есепке алынады. Отбасыма жетіп жатыр. Соңғы кездері қолындағы қоқысты арнайы жәшікке дейін жеткізбей, лақтырып кететіндер көп. Кейде керісінше арнайы тоқтап, көліктен түсіп алғыс айтып кететіндер де бар. Біреулер ыстық шай әкеліп беріп жатады. Тіпті гүл шоқтарын ұсынатындар да бар. Мұндай құрметті көргенде төбеміз көкке жеткендей болады. Тазалыққа біз жауапты болғанымызбен, қала тазалығы әр тұрғыннан басталуы керек деп ойлаймын, – дейді учаске шебері.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, қоғамымызда еңбек адамы бірінші орында тұруға тиіс. Шын мәнінде, барлық жетістіктің бастауы – адал еңбек және іскерлік. Табысқа жетудің жалғыз жолы – өз кәсібінің шебері болу және ерінбей еңбек ету. Маңдай терімен табыс тапқан адам оны мақсатсыз шашпай, ысырап қылмайды. Үнемшіл, қанағатшыл әрі ұқыпты болады. Айкерім Жолдасқызының бойынан осы қасиеттерді байқадық. Бұл карапайым еңбек адамына деген құрметімізді одан әрі арттырғандай болды.



# ТУРИЗМ ТҰРАҚТЫ ДАМЫСЫН ДЕСЕК...

Бас қалада туризмнің даму көрсеткіштері үш жыл қатарынан тұрақты өсіп келеді. Былтыр туристер саны 2023 жылмен салыстырғанда 14% артып, барлығы 1,5 млн турист келген. Оның ішінде резидент емес туристер 400 мың адам болса, резиденттер 1,1 млн адам. Бұл көрсеткішті 2030 жылға қарай 3 млн туристке дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

**Райхан РАХМЕТОВА**

Елордаға Ресей, Қытай, Германия, Түркия, АҚШ, Ұлыбритания, Үндістан және Оңтүстік Корея сияқты елдерден туристер жиі келеді. Осы туристердің Астанадағы саяхаты жайлы болуы үшін қажетті инфрақұрылым жасалған. Барлығы 100-ден астам туристік нысан бар, оған мұражайлар, театрлар, сарайлар, діни нысандар, спорт кешендері, сауда-ойын-сауық орталықтары, саябақтар және тағы басқа нысандар кіреді. Қалада 9,9 мың нөмірлік 286 қонақүй жұмыс істейді. Соның ішінде 5 жұлдызды 8 қонақ үй, 4 жұлдызды 38 қонақүй, 3 жұлдызды 64 қонақүй, санатсыз 176 қонақүй туристерді қабылдайды. Былтыр Visit Astana бренді әлемнің туристік саладағы 240-тан астам компаниясының басын біріктірген Бүкіләлемдік туристік альянсының (WTA) ресми мүшелігіне өтті. Алайда кейбір кәсіпкерлердің айтуынша, туризмнің тұрақты дамуы үшін ұзақмерзімді үлкен жоспарлар құру керек.

– Туристік сала өз бетінше дами алмайды. Ол тұтас мемлекеттің даму бағдарламасының бір құрамдас бөлігі ретінде дамиды. Үкіметтің деңгейінде қандай стратегия құрылып, қандай мақсаттар көзделсе, соған қарай бұл сала да өркендейді. Мәселен, уақытша, жылт ете қалатын емес, ұзаққа қызмет ететін медициналық туризмді алсақ, бұл дегеніміз – клиникалар салу, университтер жанынан ашылған клиникалар, медициналық орталықтар деген сөз. Соған сәйкес кадрлар дайындау үшін білім беру базасы құрылады. Ал уақытша және жылдам пайданы ғана ойласақ, онда адамдардың топырлатып басын қосатын бір іс-шаралар өткізу, халықаралық деңгейдегі жарыстар, концерттер, жиындар ұйымдастыру соған жатады. Сондықтан меніңше, ең бастысы – мақсатымызды нақтылап алу. Туристік сала деген – шетелдіктің елге келіп, бәрін көріп кетуі ғана емес, ол сапалы әуежай инфрақұрылымы, дәмді әрі таза қоғамдық тамақтану орындары, жоғары деңгейдегі сервис, тек ақшалы туристерге ғана емес, барлық санаттағы адамдарға арналған қонақ үй кешендерінің болуы, яғни бұл өте ауқымды жұмыстарды қамтитын сала. Астана тарихи да, мәдени де орталық емес, көретін көп ештеңесі жоқ. Өкінішке қарай, елорда Рим, Ватикан, Париж сияқты да шаһар емес. Еуразия орталығындағы, жазық кеңістіктегі қалаға туристер бірден келе қоймайды. Сондықтан бізге өзіміздің артықшылықтарымызды ескере отырып, дамуды қолға алу керек. Саланы терең зерттеп, оны дамытудың стратегиясын жасау қажет. Ал ондай үлкен мақсаттар болмаса, онда сол оқиғалық маркетингті дамытып қана отыра береміз, – дейді Астана қаласындағы «Ailand» отбасылық демалыс орталығының директоры Арман Маханов.

Статистикаға сүйенсек, былтыр қалада 785 іс-шара өткізілген. Оның 70-тен астамы халықаралық іс-шаралар болды. Былтырғы ең маңызды оқиғалардың қатарында 16 мемлекеттің көшбасшыларын біріктірген Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті мен 89 елден 250 000-нан астам адам қатысқан V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары бар. Өткен жылы Comic Con фестивалін 100 000-нан аса адам көрді.

– Туризм – Астана экономикасының көшбасшы салаларының бірі. Былтыр елордаға келген туристер саны 14 пайызға артты. ШЫҰ саммиті, ENACTUS әлемдік кубогы, Comic Con Astana және басқа да халықаралық іс-шаралар туристерді тартуға ықпал етті. Бас қалада туризмді дамыту үшін «Astana Tourizm» мекемесі ашылды. Мақсаты – Астананы Орталық Азияның іскерлік және мәдени орталығына айналдыру. Туризм инфрақұрылымы жетілдірілуде. Іскерлік, медициналық және гастрономиялық туризмді дамыту арқылы 2030 жылға дейін қонақтардың санын 3 млн-ға дейін арттыру жоспарлануда, – дейді Астана қаласы мәслихатының депутаты Кендебай Адамбек.

Ал биыл 1200 іс-шара өткізу жоспарланған. Оның 100-ден астамы халықаралық деңгейде өтетін жиындар болмақ. Осы жылы да конференциялар, форумдар, көрмелер және басқа да ірі іскерлік іс-шараларды өткізу есебінен Астанаға туристер ағынын ұлғайту көзделген. Ресей, Өзбекстан, Беларусь, Қытай және БАӘ сияқты Астана үшін медициналық туризмнің нысаналы елдері анықталды. 2025 жылы медициналық туристер саны 8 000 адамға дейін жетеді деп болжанып отыр.



# 109: ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

iКОМЕК109 қалалық мониторинг және жедел ден қою орталығы бір жыл ішінде елорда тұрғындарынан 2 326 000 өтініш қабылдады. Орталықтың 2024 жылғы жұмысы және алдағы жоспары туралы қалалық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте оның басшысы Асқар Таксимов айтып берді.

Байланыс орталығының негізгі мақсаты – тұрғындардың проблемаларын қашықтан жедел және тиімді шешу. Қазіргі уақытта ikomek109 Бірыңғай байланыс орталығына бірнеше жолмен өтініш беруге болады. Бұл ретте өтініштердің 80%-ы колл-орталық арқылы 109 қысқа нөміріне, ал 20%-ы баламалы цифрлық сервистер арқылы келіп түседі. Олар: Telegram-бот; әкімдіктің ресми сайты; ikomek109 мобильді қосымшасы; әлеуметтік медиа (Facebook, Instagram); электрондық пошта (109@ikomekastana.kz).

2024 жылдың қорытындысы бойынша орталық 23 953 әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады. Сондай-ақ бейнебақылау камераларының көмегімен қала маңында рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін жасаған 400 ауыр жүк көлігінің иелері әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Қазір жүйеге қалалық инфрақұрылымның негізгі нысандарын: мектептерді, балабақшаларды, медициналық мекемелерді, көлік тораптарын және қоғамдық кеңістіктерді қамтитын 12 000-нан астам камера біріктірілген. Бұл қауіпсіздікті үздіксіз бақылауды қамтамасыз етеді және заңбұзушылықтар мен оқиғаларды жедел анықтауға мүмкіндік береді.



– 2024 жылы iКОМЕК109-ға 3000-нан астам түрлі мәселе бойынша 2 326 000 хабарлама түсті. Олар елорда әкімдігінің назарында. 2024 жылы өтініштердің 82%-ы алғаш хабарласқаннан бастап шешілді. Елорда әкімдігіне ведомстволық қарасты ұйымдарға берілетін өтініштер белгіленген мерзімде 98%-ға өңделді. Жалпы, біздің орталық тиімді жұмыс істеу мақсатында елорда тұрғындары мен қонақтарының проблемаларын шешу үшін сапа стандарттарын ұстанады, – деді Асқар Таксимов.

Оның айтуынша, 2025 жылдың басынан бері 301 мың өтініш тіркелген. Орталықтың Telegram-ботының 95 000 пайдаланушысы, ikomek109 мобильді қосымшасының 90 000 пайдаланушысы бар.

Мобильді қосымшаны тұрғындар да, әкімдік қызметкерлері де белсенді қолданады. Мемлекеттік органдардың 800-ге жуық қызметкері оны өтініштермен жұмыс істеу үшін қолданады. Бұл азаматтардың сұраныстарына жедел жауап беруге және олардың орындалу процесін нақты сол уақытта бақылауға мүмкіндік береді.

– Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, елорда тұрғындарына ikomek109 Telegram-бот пен мобильді қосымшасын көбірек пайдалану туралы өтініш білдіргім келеді, бұл мәселені егжей-тегжейлі сипаттауға, фотосуреттер мен видеоларды салуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге байланыс орталығының операторларына жүктеме азаяды, – деді орталық басшысы.

Сонымен қатар, операторлар қалалық бейнебақылау жүйесі арқылы маусымдық проблемаларды, мысалы, уақытылы жиналмаған қарды, су тасқыны мен жаңбыр кезінде су басып қалған орындарды, ашық құдықтарды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы басқа да оқиғаларды тіркейді. Барлық анықталған жағдайды қалалық коммуналдық қызметтер жедел пысықтайды.

2025 жылдың басынан бері 2 830 құқық бұзушылық тіркелді.

– 2025 жылы байланыс орталығының функционалдық мүмкіндіктерін одан әрі дамыту жоспарланып отыр. Негізгі мақсат – алғаш хабарласқаннан бастап шешілетін өтініштердің үлесін 85%-ға дейін ұлғайту, бұл күту уақытын одан әрі қысқартуға және азаматтардың қанағаттану деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Бейнебақылау жүйесін одан әрі кеңейту және оқиғалардың болжамды мониторингі үшін жасанды интеллект негізінде аналитиканы енгізу жоспарланып отыр. Бұл оқиғаларды тіркеп қана қоймай, алдын алу шараларын қолдана отырып, ықтимал қауіптерді болжауға мүмкіндік береді. Біздің ең бірінші мақсатымыз – елордалықтардың өмірін барынша жайлы ету, – деді Асқар Таксимов.








Сұлтан СЕЙІТ

Индира
БЕРЖАНОВА

# ТЕХНИКА ТІЛІН ТҮСІНДІРЕДІ

Кәсіптік білім беру – нәсіп табудың негізгі жолы әрі ел экономикасының қуатын арттыратын тетік. Елімізде Жұмысшы мамандықтары жылы аясында бұл бағытта жастарды оқыту, оларға кәсіптік және техникалық білім беретін колледждерді реформалау қажеті туып отыр. Себебі осындай оқу орындарынан түлеп ұшатын қарапайым еңбек адамдарына сұраныс артуда. Білікті маман, еңбекқор адам тәрбиелеуді негізге алған сондай оқу орындарының бірі – елорданың техникалық колледжі. 85 жылдық тарихы бар оқу орнының нарыққа сай мамандарды әзірлеудегі әлеуетін білу мақсатында колледж жұмысымен танысып қайттық.



### МАМАНДАРҒА СҰРАНЫС АРТЫП КЕЛЕДІ

Бас қаладағы техникалық колледж – 1940 жылдан бастап еліміздің экономикасына қажетті мамандарды үздіксіз даярлап келе жатқан оқу орындарының бірі. Жұмысшы мамандықтары жылымен қатар биыл колледждің құрылғанына 85 жыл толып отыр. Айтулы жылға орай 85 іс-шара өткізу жоспарланған. Өзінің бай тарихында техникалық колледж бірнеше рет трансформация жолынан өтті. Арнайы кәсіптік мектеп ретінде құрылған оқу орны бүгінгі күні колледж деңгейіне жетіп отыр. Әу баста оқу орны теміржол саласына ғана маманданған болса, қазірде өндірістің бірқатар салаларына қажет 5 мамандық, 12 біліктілік бойынша студенттерді оқытады. Оның ішінде лифт және эскалатор электр механигі, кең бейінді станокшы, электр газбен дәнекерлеуші, электр монтері, локомотив машинасының көмекшісі мамандықтары бар. Техникалық колледж директоры Абай Құрманқұловтың сөзінше, нарыққа қашанда керек, әрі жойылмайтын бұл мамандықтарға сұраныс көп.

«Біздің негізгі бағыттарымыздың бірі – машина жасау, сондай-ақ лифт шаруашылығы және эскалатор саласының білікті кадрларын даярлау. Мемлекеттік колледждердің ішінде Қазақстан бойынша лифт шаруашылығы және эскалатор мамандығы жалғыз техникалық колледж базасында оқытылады. Соңғы 15 жыл бойы аталмыш мамандық бойынша оқып, колледжден түлеп ұшқан жастар баршылық. Ал соңғы 10 жылдан бері колледж лифт шаруашылығы бойынша республикалық оқу-әдістемелік бірлестікті басқарады. Соның негізінде салаға қажетті оқу-әдістемелік құралдар мен әдебиеттер колледж бастамасымен әзірленеді. Айта кететіні, техникалық мамандық бойынша ана тілімізде жазылған әдебиеттер тапшы. Қазақ тілді топтардағы білім алушылардың санының өсуіне байланысты мұндай оқу құралдарына сұраныс артып келеді. Осы бағытта жұмыстар қолға алынған. Сондай-ақ аталған мамандық бойынша әлеуметтік серіктестермен бірге салааралық аймақтық республикалық чемпионат өткізіліп тұрады. Бұл саланы таңдаған қыздар үшін де жаңа оқу бағдарламалары енгізілуде. Оның ішінде бүгінде лифт шаруашылығы саласының диспетчерлері оқытылып жатыр.

Соңғы 4 жылда колледж әлеуеті екі есеге артқан. Жылдан-жылға техникалық мамандыққа деген сұраныс артып отыр. Мәселен, 2021 жылы 350 студент оқыса, бүгінде 800-ге жуық студент білім алуда. Осы тұста, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жұмысшы мамандықтары жылын жариялап, кәсіптік білім беру мәселесін алға қойғаны заңдылық екенін айтқым келеді. Себебі экономикалық өсімге қол жеткізу үшін нарыққа кәсіби мамандар қажет. Білім беру жүйесінде кәсіптік бағдар берудің маңызы күн өткен сайын артып отыр. Себебі техникалық және кәсіптік білім беру саласы – экономиканы көтеретін қозғаушы күш» деді А.Барманқұлұлы.



### ӨНДІРІСКЕ ҚАШАН ДА ҚАЖЕТ

Дуалды оқыту жүйесі – мамандықты іс жүзінде меңгертудің тиімді технологиясы. Теорияны өндіріспен ұштастыра оқытатын бұл жүйеге басымдық берген колледж түлектерінің жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары болады. Ал техникалық колледж бүгінде 380 компаниямен серіктестік орнатқан.

«Қазіргі таңда 40-тан астам компания кіретін Қазақстан Республикасының лифт компаниялары қауымдастығымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейміз. Аталған серіктестіктің өз нәтижесі бар. Кәсіпорындарда тағылымдамадан өтіп, өзін көрсеткен студенттеріміз сол компанияларда әрі қарай жұмысқа орналасып жататын мысалдары жетерлік. Түлектерді жұмысқа орналастыру – колледж жұмысының басым бағыттарының бірі, соңғы 3 жыл бойынша бітіруші түлектердің 98 пайызы жұмысқа орналасты. Мәселен, токарь мамандығы бойынша бітірген түлектерімізді арнайы іздеп келетін жұмыс берушілер көп. Оның бір себебі, мұндай маман тапшы. Екіншіден, кез келген өндіріске олар қажет. Бұл мамандықты да әркім оңай игере бермейді. Тұрақты ізденіс, оқыту шеберлігі, баланың жұмысқа икемділігі, үнемі тәжірибе жинақтауы арқасында ғана студент сапалы жұмыс істейтін маман атанады» деді директор.



Оқу орны 2021 жылы «Жас маман» жобасының қатысушысы атанып, 2022 жылы колледж нысанында республикалық құзыреттілік орталығы ашылды. Мұнда жыл сайын еліміздің әр өңірінен машина жасау саласы бойынша студенттер арасында WorldSkills Kazakhstan чемпионаты тұрақты түрде өткізіледі. Сандық бағдарламалы басқару станоктарында токарьлық жұмыстар және сандық бағдарламалы басқару станоктарында фрезелік жұмыстар бойынша құзыреттіліктер негізінде аймақтық-республикалық байқаулар ұйымдастырылады. Колледжегі заманауи станоктарды меңгерудің өзіне құрылғының тілін жақсы игеру ғана жеткіліксіз. Одан бөлек, арнайы жеке коды бар бағдарламаларды да дұрыс қолдана білу маңызды. Осы мақсатта студенттер үшін Ресейден, Германиядан тәжірибелі мамандар арнайы келіп, шеберлік сабақтарын өткізеді. Бүгінде жастардың өздері станоктарда жұмыс істеудің қыр-сырын жетік біледі десек те артық емес. Солардың бірі – колледж түлегі, бүгінде машина жасау технологиясы мамандығында білім алатын студенттерді оқытып жүрген оқу-өндірістік шебері Дәулет Кеңесұлы.

«Өз мамандығым бойынша мен бірнеше рет WorldSkills республикалық чемпионатына қатысып, жүлделі орынға ие болып, тәжірибемді шыңдадым. Одан бөлек бірқатар кәсіпорындарда тағылымдамадан өтіп, машығымды жетілдіре түстім. Қазірде колледж студенттеріне Mastercam компьютерлік бағдарламасын түсіндіріп, сол арқылы станоктарды дұрыс басқаруды үйретудемін. Өндірісте аталмыш станоктар теміржол, медицина, құрылыс, авиация және ғарыш өнеркәсібінде пайдаланылады. Кейбір жастар бұл мамандықты менсінбеуі мүмкін. Бірақ, меніңше, мамандықты сұранысы көп ақпараттық технологиялар мамандығымен де салыстыруға болады. Мәселен, станокпен жұмыс істеу үшін бағдарламалау тілін игеру керек. Ал мұндай мамандар нарыққа ауадай қажет» деді Д.Кеңесұлы.

### ТЫҢ БАСТАМАЛАР НӘТИЖЕСІ

Кәсіптік және техникалық білім берудің мәселелері де жоқ емес. Оның ішінде колледж студенттері үшін академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша шетелге баруы, тәжірибе алмасуы, олардың іс-сапар шығындарын мемлекет тарапынан өтелуі секілді мүмкіндіктердің берілмей отырғаны бар.

– Бұл мәселені Оқу-ағарту министрлігі назарға алып, кәсіптік-техникалық білім беруді трансформациялаудың 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасына енгізді, алдағы уақытта нәтижесін көретін боламыз. Себебі халықаралық байқауларға дарынды студенттеріміз қатысқысы келеді, мамандықтары бойынша тәжірибелерін арттыруды ойлайды. Әсіресе студенттеріміз WorldSkills атты халықаралық чемпионаттың қатысушысы болуға мүдделі. Бұл бағытта өзіміз де түрлі бастамаларды қолға алдық. Мәселен, 2023 жылы Германияның Сауда-өнеркәсіп палатасымен келісімшарт жасалып, екіжақты келісім негізінде жыл сайын Германияның білікті мамандары студенттер мен оқытушыларға арналған дәрістерін жүргізіп, арнайы сертификаттарды табыстайды. Шетелден мамандарды тарту ісін Қазақстан бойынша техникалық колледж бастап отыр, – деді колледж директоры.

Түрлі байқауларға дайындалып жүрген, болашағын машина жасау саласымен байланыстырғысы келетіндердің қатарында 2-курс студенті Диас Амантай бар. Студенттің айтуынша, колледж бірқатар мүмкіндік ашып, жоспарларын айқындауға ықпал етті.

«Мен кең бейінді станокшы мамандығы бойынша білім алудамын. Қазіргі таңда WorldSkills чемпионатына дайындық үстіндемін. Машина жасауға қызыққан мен мамандығымды өз қалауыммен таңдадым. Меніңше, студенттер бұл салаға кездейсоқ келмейді. Жалпы алдағы уақытта өзімді қандай салада көретінімді айқындап алдым, мен үшін маңыздысы сол. Болашақта тіпті цех ашсам деген ойым бар. Себебі токарьларға деген сұраныс әр кезде болады деп білемін» деді студент.

Әлеуметтік қолдау тұрғысынан да колледж базасында 50 орынға арналған жатақхана бар. Алдағы уақытта колледжде еңбек нарығына қажетті жаңа мамандықтар ашу, энергетика, машина жасау, теміржол саласы бойынша өңірлерде еңбек етіп жатқан мамандарға біліктілік курстарын өткізу жүзеге асырылмақ. Одан бөлек оқу орнында мектептің жоғары сынып оқушыларының кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында пилоттық жоба іске қосылған. Онда таңертең мектепте сабақ оқитын оқушы түстен кейін қайта кәсіби білім беретін арнайы оқу орнына барып білім алады. Бағдарламаның ерекшелігі жоғары сынып оқушысы мектепте білім алумен қатар бір мамандықты игеріп, оқуды бітіргеннен кейін аттестатпен қоса диплом алады. Жоба аясында техникалық колледжде елорданың 14 мектебінен 75 оқушы электр дәнекерлеуші мамандығын оқып, тағылымдамадан өтті. Қанатқақты жоба биыл да жалғасын табады.

Колледжде білім алып, еңбекке ерте араласқан жастар өзгенің де еңбегін бағалауды үйренеді. Осы бағытта елордалық техникалық колледж ертеңгі қарапайым жұмысшыларды тәрбиелеудің маңыздылығын көрсетіп отыр. Басты миссиясы ретінде қандай да бір мамандықты жақсы меңгерту ғана емес, дұрыс тәрбие де бере алу деп айқындап алған білім ошағы еліміздің индустриялық-инновациялық дамуына тікелей ықпал етіп келеді.



**Андрей АВДЕЕВ,**
«Русская община столицы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

# ОТЫЗ ЖЫЛДЫҢ БИІК БЕЛЕСТЕРІ



Бұл мақаланың идеясы ойымда көптен бері болды. Бұқаралық ақпарат құралдарынан, ғаламтордан Қазақстан халқы ассамблеясы туралы материалдарды сараптағанымда, кейбірінен өшпенділік пен ашық жаулықты кездестірдім. Түрлі ресурста авторлар өз мәлімдемелерін өздерінің жеке пікірі ретінде көрсете отырып, ҚХА-ны формализм, мемлекеттік құрылымдардың мүдделерін ашық лоббилеу, ішкі саяси процестерді манипуляциялау және т. б. деп айыптайды. ҚХА қызметін түбегейлі өзгертуге, оның құрылымын реформалауға (әрине, олардың түсінігінде және өз ойынша), тіпті ҚХА-ны қоғамдық-саяси институт ретінде толығымен жоюға шақырулар бар, өйткені ҚХА өз ресурстарын тауысқан және өзіне жүктелген міндеттерді одан әрі орындауға жарамсыз деп бізді сендіргісі келгендей. Авторлар ассамблеяның мақсаттары мен міндеттерін, оның қоғамның қазіргі құрылымындағы маңызын жиі түсінбей, сан алуан сындар мен пікірлерді айтуға болады деп есептейді.

Қоғамдық қызметтен алшақ жүрген адамдарға ассамблеяның өміріміздегі орны мен маңызын түсіну қиын. Ол үшін өткенге көз жүгіртейік. Қазақстанның этникалық әртүрлілігі тарихи жағдайлардың ықпалымен қалыптасып, тәуелсіздік алғанға дейін 130-ға жуық этносты құрады. Осыған орай, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауымен этносаралық қатынастар саласындағы қоғамдық өзара іс-қимылды жүйелеу идеясын алға тартты. Ассамблеяны құру ниеті 1992 жылы Қазақстан халықтарының бірінші форумында айтылды.

Ассамблея жұмысының басталуымен республиканың көптеген ұлттық мәдени орталықтары мен этникалық азшылық өкілдері алғаш рет өз тілі мен дәстүрін жаңғыртудың нақты мүмкіндігіне ие болды, мұның барлығы мемлекеттік қолдаудың арқасында. Осылайша, Қазақстан халқы ассамблеясы барлық азамат үшін тең мүмкіндіктер принципіне негізделген мемлекеттің ұлттық саясатын жүзеге асырудың бірегей құралы болды. Қазақстан халқы ассамблеясы біртұтас азаматтық ұстанымға негізделген біртұтас әлеуметтік-мәдени жүйе аясында этностардың ұлттық келбетін үйлесімді сақтау үшін кең мүмкіндіктер дәлізін жасауға мүмкіндік берді. Осылайша, ҚХА қызметінің маңызды нәтижелерінің бірі этностарды біртұтас ұлтқа біріктірудің сәтті процесі болды. Бейбітшілік пен келісім саясаты халық бірлігі мемлекеттіліктің қалыптасуының, нығаюының және дамуының қуатты факторы екенін дәлелдеді. Егер ассамблея басында елдегі этностардың мүдделерін білдіруге шақырылса, кейінірек ол азаматтық ұстанымы, ортақ мақсаттар мен міндеттер, сондай-ақ біріктіретін ортақ құндылықтар негізінде барлық қазақстандық этностарды біртұтас ұлтқа біріктіру жолында жұмыс жасады. Ата Заңымыздың «Біз, бір тарихи тағдыр біріктірген, төл қазақ жерінде мемлекеттілік құрушы Қазақстан халқы» деген кіріспе сөзіне сәйкес этносаралық қатынастарды үйлестірудегі табыстар көп жағдайда ҚХА қызметінің арқасы.

Бүгінде ассамблея қоғамдық келісім мәселелері құнды мәнге ие болғандардың барлығын біріктіреді. Олардың қатарында мыңнан астам этномәдени бірлестіктер, ҚХА институттары және бірқатар қоғамдық құрылымдар мен жобалар – бір жарым мыңнан астам «Аналар кеңесі», мыңнан астам «Ақсақалдар кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігі, «Жомарт жан» орталықтары, олардың ішінде меценаттар, ҚХА-ның белсенді қайраткерлері, еріктілері бар Ғалымдар клубы, университеттер мен ғылыми-зерттеу институттарында жұмыс істейтін 20-ға жуық ҚХА ғылыми-сараптамалық топтары, кафедралар бірлестігі, шығармашылық топтар бірлестігі, еліміздің барлық өңірінде жұмыс істейтін Достық үйі бар. Сондай-ақ ҚХА аясындағы іс-шараларға белсенді жастарды тарту жұмыстары жүргізілуде. Жоғары және орта арнаулы оқу орындарының базасында жұмысы Қазақстан халқы ассамблеясының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес үйлестірілетін және бағытталатын студенттер ассамблеялары құрылады.

ҚХА енді парламенттік өкілдіктің жаңа құралына ие болды. Бұдан былай ҚХА ұсынысы бойынша Мемлекет басшысы тағайындайтын Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары заңнамалық деңгейде кері байланысты, қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға және этникалық топтардың мүдделерінің жиынтығы ретінде ассамблеяға өкілдік етуге шақырылған. Ассамблея депутаттарының заң шығару қызметіне қатысуы этносаралық және конфессияаралық келісімді, толеранттылықты нығайтуға, қоғамдағы этникалық факторлардың саясаттануына, экстремизм мен радикализм көріністеріне жол бермеуге, қазақстандық этностардың және этностардың рухани мәдениеті мен азаматтық қоғамдастығында қазақ халқының рухани мәдениетін топтастыру арқылы қазақстандық патриотизм мен бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазақстан халқы ассамблеясының мерейтойы баршаға этносаралық келісім мен ұлттық бірлік саясатының бірегей институтының үш онжылдық тарихына тереңірек үңілуге, өзін оның қалыптасуына белсенді қатысуда, қалыптасу және даму процестерін түсінуде, достықты, жалпыұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді нығайтудағы сарқылмас әлеуетті ашуда көруге мүмкіндік береді.

Дайындаған **Айгүл УАЙС**

# МАҚСАТЫ – ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі – Қазақстан халқы ассамблеясы жұмысын ұйымдастыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту бойынша этномәдени бірлестіктермен және өзге де қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды, ынтымақтастықты жүзеге асыратын мекеме.

Мемлекеттік мекеме қызметінің басты мақсаты – этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік саясатты іске асыру, ассамблея қызметін қамтамасыз ету және оның іс-шараларын өткізу. Этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды түсіндіру және ілгерілету бойынша ақпараттық іс-шараларды ұйымдастырып, жүзеге асырады. Осы қызметтерін саралап айтатын болсақ, ассамблея сессиясының, ассамблея кеңесінің отырыстарын және басқа да іс-шараларды өткізуді ұйымдастыруға қатысады. Ассамблеяны дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шараларды өткізу, оларды жоспарлауға қатыса отырып, ұйымның ағартушылық қызметін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Осы бағытта оқыту семинарлары мен тренингтер ұйымдастырып-өткізеді. Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту бойынша мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен және азаматтық қоғамның басқа да институттарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету; қайырымдылық қызметін үйлестіруге қатысу; қоғамдық келісім, жалпыұлттық бірлік және этносаралық қатынастар саласында медиацияны дамытуды ұйымдастыру; этникалық топтар арасында мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру; еңбектер (мақалалар, монографиялар, оқу құралдары және кітаптар) басып шығаруды және баспа қызметін ұйымдастыру, этносаралық тақырып бойынша басқа да ақпараттық материалдар шығару да осы мекеменің басты бағыттарының бірі.



# КИЛИМАНДЖАРО ШЫҢЫН БАҒЫНДЫРДЫ

Қазақстан халқы ассамблеясының құрылған күні қарсаңында Альпинизм федерациясының қолдауымен альпинизмнен еңбек сіңірген спорт шебері Мақсұт Жұмаев бастаған спортшылар командасы 26 ақпанда Килиманджаро шыңына шықты.

Көтерілу оңай болған жоқ, қиындықтар көтерілу жылдамдығына әсер етті, бірақ бірге Қазақстан халқының бірлігін, достығын, мызғымас ерік-жігерін бейнелейтін әртүрлі этностардың өкілдері кірген қазақстандық команда Килиманджаро шыңына шықты. Алдынан соққан қатты өкпек жел мен оттегінің жетіспеушілігіне қарамастан, біздің атақты альпинистер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен ассамблеяның туын желбіретті.

Килиманджаро – әлемдегі ең биік жеті шыңның бірі, Африкадағы ең биік тау, сонымен қатар әлемдегі жеке тұрған ең биік тау. Шыңның ең биік нүктесі – Ухурудың биіктігі теңіз деңгейінен 5895 метр құрайды.

Қазақ альпинистерінің көшбасшысы Мақсұт Жұмаев – халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Биіктігі 8 мың метр болатын барлық 14 шыңды бағындырған. Ол құздың биігіне қосымша оттегін пайдаланбай, қатерге бас тігіп тәуекел еткен дүние жүзіндегі 12-альпинист. Әлемдік деңгейде жетістікке жеткен мықты альпинистердің бірі.




# ЖАЙЛЫ МЕКТЕП МАЙЛЫ МЕКТЕПКЕ АЙНАЛМАСЫН

Мемлекет басшысының бастамасымен салынып жатқан жаңа форматтағы 217 жайлы мектептің құрылысы биыл, 2025 жылы бітуі тиіс. Бұл керемет ұлттық жобаның басты мақсаты – апатты мектептерді, үш ауысымды оқытуды және оқушы орындары тапшылығын жою. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасына Ұлттық қордан 2023-2025 жылдар кезеңінде 1 триллион 493 млрд теңге бөлінді (2023 жылы – 500 млрд теңге, 2024 жылы – 646 млрд теңге, 2025 жылы – 347 млрд теңге). Үйлестірушісі – Samruk-Kazyna Construction компаниясы.

Басында ұлттық жоба аясында 2025 жылға дейін елімізде 842 мың оқушыға арналған 401 жаңа мектеп салу қарастырылған еді. Жалпы бюджеті 2,6 трлн теңге болған. Кейін бюджет тапшылығына байланысты 2024-2025 жылдары барлығы 740 мың оқушы орнына арналған 369 мектеп салу жоспарланды. Алайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 19 желтоқсандағы №1079 қаулысымен қаржыландыру сомасы 1 трлн 493 млрд теңгеге дейін кеміп, құрылатын жаңа оқушы орындары 460400-ге дейін, 217 мектепке қысқарды. Ал Жоғары аудиторлық палата тексеруі бойынша «Жайлы мектеп» жобасы аясында тек 2023 жыл қорытындысы бойынша 311,9 млрд теңге сомасында бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және пайдалану фактісі анықталды. Осы «Жайлы мектеп» жобасын іске асыру барысында мектеп құнын нақты бағадан бірнеше есе асырып көрсетуден «социалистік жарыс» өткен секілді... Мектептердің құны 9,6 миллиард теңгеден асып кеткен.

Эйнштейн деген данышпанның заңы бойынша барлығы салыстырмалы түрде анықталады. Биыл 2025 жылғы қаңтар айында өңірлерге депутаттық сапар барысында күшті жекеменшік мектептерді көріп, жеке құрылыс компанияларымен кездескенде, «жайлы мектептер» құны жайсыз асыра есептеуден пайда болғанына көзіміз жетті. Мысалы, Шымкент қаласында «Zangar Bilim» ЖШС салған, өте жоғары деңгейде озық жабдықталған, төрт қабатты, үш қанатты, 1338 оқушыға арналған, 10200 шаршы метр пайдалы алаңы бар жекеменшік «Auzhan KTL» мектебінің құны – 1,72 млрд теңге. Демек, 1 оқушының орны 1285500 теңгені құрайды. Бұл қаражатқа – жер учаскесі, коммуникация тарту, ұтымды жоба-сметалық құжаттама, заманауи дизайн, 25 жыл кепілдігі бар қымбат қасбет-фасад материалдары, жоғары сапалы гранит, айта берсек, барлығы мықты, жоғары сапада салынған материалдар жатады. Ал мектеп ішіне келер болсақ, кеңейтілген лабораториялар, компьютер және интерактивті тақталар, жоғары сападағы партылар мен локерлер, оқу материалдары, көрнекі құралдар, тіптен үйірмелерге қажет инвентарларға дейін алынған. Ас әзірлеуге, музыка, тігін тігуге, үй жұмыстарын үйрену, жалпы 30 түрлі үйірме, бизнес-мектеп, компьютер жөндеу шеберханасы бар. Бір сөзбен айтқанда, жайлы мектепке қойылатын талаптан да артық, барлық материалдық-техникалық база артығымен жабдықталған. Бұл еліміздегі ең мықты салынған жекеменшік мектеп деуге болады.

Ал көлемі осы мектептен 138 орын аз болса да, 1200 орындық жайлы мектеп 6 млрд 413 млн 748 мың теңгеге салынуда, яғни бір орынның құны «Auzhan» мектебінен 4 еседен де (4,16) көп! Ал оқушы саны екі еседен де аз, 600 орындық жайлы мектеп 4 млрд 600 млн 327 мың теңгеге салынған, яғни бір орынның құны 6 есе артық! Ал 2000 орындық жайлы мектептер 9 млрд 630 млн-нан да асып кеткен! Яғни сапасы бірдей болса да, жекеменшік мектеп құнынан «жайлы мектептің» құны 4-5 еседей көп. Бұл үкілеп сақтап отырған Ұлттық қор қаржысының 4-5 еседей шығын болғаны емес пе? Сонда бір мектептің орнына 4-5 мектеп салатын қаржы қайда кетіп жатыр? Бұл есепсіз миллиардтардың сұрауы кімде? «Жайлы мектептерді» майлы мектептерге айналдырып отырғандар кімдер? Қарапайым қазақша есептен туатын қарапайым қазақша сұрақ: бізге бір мектептің орнына 4-5 мектеп салуға, яғни 1,5 триллион қаржыға 217 мектептің орнына 1000 мектеп салуға кім кедергі болып отыр? Президентіміз «бюджет тапшылығында көрпеге қарай көсіліңдер, орынсыз артық шығындарды доғарыңдар!» дейді. Ал біз бір мектептің бағасын бес есе көтеріп қойып, болашақ ұрпағымызға арналса да, бүгінде түбі көрініп қалған Ұлттық қорға қол салып, қол салғанда мол салып, қарап отырмыз?! Мемлекеттік сараптама бұл құны бірнеше есе асырып көрсетілген бағаларды қалай өткізген?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ana tili» газетіндегі сұхбатында «Еліміздің түкпір-түкпірінде жүздеген жаңа мектеп, балабақша және дене шынықтыру-сауықтыру орталықтары салынды... Мұның бәрін азаматтардың жасампаздық әлеуетін арттыру үшін пайдалы инвестиция деуге болады» деп жергілікті кәсіпкерлердің еңбегіне жоғары баға берді. Қазір бой көтерген мықты жекеменшік мектептердің жақсы нәтижесін көрген соң, әділетсіз тендер өткізуді тоқтатып, шексіз есепсіз шығындарды жоятын уақыт жетті деп санаймыз. Ол үшін инвесторлар өздері жоба даярлап, олар уақытында бекітіліп, жерді рәсімдеуге кедергілер болмай, амортизациялық шығындардың 3 жылдық көлемі бірден төленіп, қалған 5 жылы ай сайын төленсе, жеке кәсіпкерлердің үлкен ұмтылыстары пайда болады. Бұл мәселені қозғау себебіміз ел бойынша 2026 жылға 1,1 млн оқушы орнына мектептерде дефицит болады деп отыр. Жайлы мектептер іске асқанымен, әрі қарайғы жағдайға көз салуымыз керек.

Демек, жылдық инфляция мен АЕК индексациясын ескергеннің өзінде мектептер салуды жеке инвестор-кәсіпкерлерге беру тиімді екенін көрсетіп отыр. Себебі 9,6 млрд теңгені бөлуге қарағанда, жыл сайын оқушы орны санына 96 АЕК беріп отыру әлдеқайда тиімді. Ең бастысы, жергілікті билік жер учаскесі мен коммуникация тартып берсе, Білім басқармасымен қажет аумақтар айтылып отырса, жеке кәсіпкерлер бюджетке салмақ түсірмей, тапшы оқушы орындарын шешу үшін уақытылы мектеп салу жүйесін қолға ала алады.

Бұл жүйе қолға алынса, жекеменшік инвесторлар бірқатар мәселені шеше алады: 1. Ең бастысы – кәсіпкер мемлекеттің емес, өз қаржысын жұмсайтындықтан, ғимарат құнын қазіргідей бірнеше есе жасанды көтеруге жол берілмейді. 2. Құрылыс жүргізу мерзімі тым ұзақ болуын шектейді. 3. Кадрлармен әділетті қамтамсыз ету. 4. Ұстаздарды бәсекеге қабілетті жалақымен қамтамасыз ету. 5. Балаларды сапалы тамақтандыру және арнайы тасымал қызметі. 6. Дарынды оқушылармен арнайы жұмыс және оларға арналған толық жағдай жасау. 7. Халықаралық білім беру жүйесін енгізу (мысалы, бір Шымкент қаласында 3 мектеп IB және Cambridge бағдарламаларына үміткер болуда). Мысалы, елімізде 14 IB мектеп бар, олардың барлығы – жекеменшік мектеп. Бірде-бір мемлекеттік мектеп осы күнге дейін мұндай халықаралық бағдарламаларға авторизациялық өтінім бермеген. 8. Қызметкерлерге әлеуметтік пакет (шипажай, фитнес, жәрдемақы, басқа да әлеуметтік төлемдер) 9. Оқушыларды толығымен оқулықтармен қамтамасыз ету.

Осы негіздемелерді сенімді айтып отырған себебіміз аз уақыт ішінде, бірнеше есе төмен қаражатпен бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы мектеп салуға болатынын жеке инвесторлар салған күшті мектептерімен дәлелдеп берді. Еліміздің ертеңі деп сенім артып отырған болашақ ұрпақтарымыз жайлы жерде, сапалы білім алуы тиіс. Балаларымыз мектеп тапшылығын сезінбей, еркін өсуі үшін бар жағдай жасалуы тиіс.

Біздің ұсыныстарымыз: 1. Мемлекет қаржысын тиімді игеру үшін мектеп құрылысы күмәні көп тендер тәсілімен емес, жеке инвесторлардың ауқымды жобаларын қолдау арқылы салыну керек. Сонда өңірлерде бәсекеге сай жекеменшік мектептер көбейеді. 2. Мектептер салу үшін жеке кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан жер учаскелері беріліп, олармен сенімді серіктестік қатынас орнатылуы керек. Сонда стандартқа сай, бүгінгі заман талабына лайықты ғимараттар өз мерзімінде әрі артық шығынсыз салынады. 3. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасында әр мектептің құны бірнеше есе асырып көрсетілгендіктен, қатаң тексеру жүргізілуі тиіс.

**Қазыбек ИСА,**
**Мәжіліс депутаты**

# ӨНЕРТАПҚЫШ ӨРЕН

Астана қаласы №49 мектеп-гимназияның 8-сынып оқушысы Сұлтан Ибраһим ерекше және инновациялық екі жоба ойлап тапты. Бірі ұялы телефонды күн сәулесімен қуаттайтын құрылғы болса, екіншісі қарды еріту арқылы суын жылыжайға пайдалануға бағыттайды.

**Индира БЕРЖАНОВА**

Қос жобасын қатар ұсынуға Сұлтанның техникаға деген қызығушылығы түрткі болды. Ғылыми ізденісінің нәтижесінде жасалған жобалар арқылы оқушы экологияны сақтау және энергетикалық ресурстарды үнемдеуді көздеді. Ізденіс ізіне түскен оқушының бастамаларына жетекшісі, көркем еңбек пәнінің мұғалімі Қанат Айбеков ықпал еткен.

Зерделі оқушының ұялы телефонды күн сәулесімен қуаттайтын құрылғысы күн энергиясын электр энергиясына айналдырып, ұялы телефондарды қуаттауға мүмкіндік береді.

«Құрылғының жұмысы күн сәулесін сіңіріп, арнайы панель арқылы электр энергиясын түрлендіреді. Нәтижесінде бұл энергия ұялы телефонды зарядтауға жеткілікті болады. Қазіргі уақытта күн энергиясы – әлемдегі ең таза және жаңартылатын энергия көздерінің бірі. Сондықтан да мұндай құрылғылар экологиялық мәселелерді шешуге және энергия тұтынудың тиімді әдістерін дамытуға ықпал етеді» деп өз ойымен бөлісті оқушы.

Сұлтанның екінші жобасы қар суын тиімді ерітіп, жылыжайдағы өсімдіктерді табиғи, минералдарға бай сумен қамтамасыз етуге арналған. Мақсат – табиғи ресурстарды тиімді пайдалану арқылы экологиялық таза өнім алу.

«Көптеген ауыл шаруашылығы аймақтарында су тапшылығы өсімдіктердің өсуіне кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар таза су көздерін үнемді пайдалану маңызды мәселе болып отыр. Біз осы мәселені шешу үшін қар суын жылыжайға жеткізуге арналған арнайы құрылғы жасап көруді ойладық. Мектеп алдында қарды босқа шығарғанша, осындай құрылғымен жасыл мектеп жылыжайына пайдалансақ дедік» деді Сұлтан.

Жоба негізінде алдымен қар арнайы бөшкеге жиналады. Кейін бөшкенің жанында орнатылған ыстық ауа үрлейтін станок қарды тез ерітеді. Еріген су сүзгіден өтіп, арнайы су сорғыш арқылы жылыжайға жетеді.

Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Қанат Айбековтің айтуынша, бұл жоба қала тұрғындарына экологиялық таза әрі тиімді әдістерді қолдану қажет екенін түсіндіріп, күнделікті өмірде пайдалануға болатын оңтайлы шешімдерді ұсынады.



– Қазіргі таңда экологиялық жағдай мен климаттық өзгерістер әрбір адамды қоршаған ортаны қорғау шараларына көңіл бөлуге негіздеп отыр. Қарды еріту арқылы табиғи су ресурстарын пайдалану – экологиялық таза тәсіл, өйткені бұл әдіс су ресурстарын үнемдейді. Қардың көп мөлшері тек қоқыс болып кетеді, ал оны ерітіп, суаруға қолдану экологиялық тұрғыдан тиімді. Осындай технологияларды кеңінен қолдану арқылы ауыл шаруашылығы саласында су ресурстарын тиімді пайдалану мен экологиялық жағдайды жақсартуға болатынына сенімдіміз, – деді педагог.

Сұлтан Ибраһимнің бұл бастамасы – тек ғылыми жетістік қана емес, экологиялық таза технологияның дамуына бағытталған маңызды қадам. Ізденімпаз оқушының ендігі арманы жобаларын көпшілікке таныстырып, түрлі жарыс барысында өзгелерге көрсету. Қазірдің өзінде ол мектеп жанындағы жылыжайда өз жобасын жүзеге асырып, қатарластарына нәтижесімен бөлісіп келеді.

# УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОРЫҢЫЗ КІМ?

Түн ішінде көршілеріңіз шулап мазаңызды алса, үй ауласында төбелес шықса, басқа да тәртіп бұзылғанда бірден учаскелік инспекторыңызды іздейсіз. Көпқабатты тұрғын үйіңіздің кіреберісінде аты-жөні мен телефон нөмірі тұрған тәртіп сақшысына соғып, араша сұрайсыз. Солардың бірі – Астана қаласы Полиция департаментінің Сарыарқа аудандық Полиция басқармасы жергілікті полиция қызмет бөлімінің №86 учаскелік полиция пункті жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторы Аманғали Төлепов.

**Райхан РАХМЕТОВА**

Қоғамдық тәртіп пен тұрғындар қауіпсіздігі – құқық қорғау органдарының ішінде учаскелік полиция инспекторларының тікелей қызметі. Polisia.kz сайтының мәліметі бойынша елімізде полицияның 3 мыңға жуық учаскелік пункті жұмыс істейді. Сол пункттерде 7 мыңнан астам учаскелік полицей қызмет етсе, соның 3,9 мыңы қалаларда, 3,4 мыңы ауылдарда қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Кішіпейіл және ұқыпты олар өзіне бөлінген аумақтағы тұрғындардың тыныштығын күзетіп, сыртынан бәрін бақылап жүреді. Тұрмыстық дау және ішімдік ішкендердің жанжалын тарқатып, ауыр қылмыстардың алдын алады. Олардың міндетіне өзіне бөлінген учаскеде бұзақылық, төбелес, вандализмді болдырмау, тұраққа көлік қою ережелерін сақтау және басқа да тәртіпті қадағалау жатады. Сонымен қатар тергеуде жүрген, жақында түрмеден шыққан, психикалық ауруы бар адамдарды бақылауда ұстау, қажеттілік туындағанда ауланы, үйлердің кіреберісін және басқа да күдікті орындарды тексеру де оның міндеті. Соған қоса жылына бір рет суық қаруы бар адамдарды тұрғылықты жері бойынша тексереді, құқықтық тәртіп жағдайы туралы тұрғындарды ақпараттандыру мақсатында олармен есептік кездесулер өткізеді. Учаскелік инспектор мемлекеттік билік өкілі ретінде, егер оған күдік тудырған болса, азаматтардың жеке куәлігін тексеруге, тыйым салынған заттарды тәркілеуге, құқық бұзушыларды полиция учаскесіне жеткізуге құқылы.



Осындай міндеттер арқалаған Аманғали Мағзұмұлының да құқық қорғау саласында қызмет етіп жүргеніне 17 жыл болған. Қостанайдың тумасы 2011-2015 жылдары Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясын тәмамдап, 2016-2018 жылдары Орталық Қазақстан академиясында «Заң ғылымдарының магистрі» атағын алады. Еңбек жолын 2015 жылы Ақмола облысы Целиноград аудандық пробация қызметінің инспекторы болып бастаған. 2017-2021 жылдары пробация қызметінің аға инспекторы болып еңбек еткен. Елордаға 2021 жылы келіп, Астана қаласы Полиция департаменті Сарыарқа аудандық ПБ ЖПҚБ № 65 УПП учаскелік полиция инспекторы болса, былтырдан бері қазіргі қызметінде.

– Бүгінгі таңдағы қызметіме учаскелік полиция инспекторларына бағыт-бағдар беру, жұмысын ұйымдастыру, заң аясында шешім қабылдау жатады. Өз тәжірибемде ұрлық, алаяқтық, есірткі заттарын пайдалану және тарату фактілерін анықтадым. Жалпы учаскелік инспектор ҚР ІІМ №1095 бұйрығы бойынша жұмыс істейді. Басты мақсатымыз – тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтармен тығыз байланыс орнату арқылы қоғамда сенім мен тәртіп орнату. Әрбір азаматтың проблемаларына назар аударып, олардың шешімін табуға көмектесеміз, ашық диалог құру арқылы құқық бұзушылықтың алдын алуға, әлеуметтік мәселелерді уақытылы шешуге және қоғамда тәртіпті күшейтуге бағытталған көптеген іс-шараға атсалысамыз, – дейді А.Төлепов.

2025 жыл ішкі істер саласында «Профилактика жылы» деп аталды. Соның аясында алдын алу іс-шараларын өткізуге ерекше көңіл бөлінеді. Күн сайын таңғы сағат 8:30-дан кешкі 22:00-ге дейін осы міндеттерін атқаратын учаскелік инспекторлар кей жағдайда өз өмірін қауіп-қатерге тіксе де, қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

– Азаматтарға көзге көрініп тұрған қылмыстардан бөлек былайғы уақытта байқалмай жасалып жатқан қаншама заң бұзушылық бар. Біз солармен күн сайын кездесеміз. Мәселен, жиі кездесетін қылмыстарға ұрлық, алаяқтық, интернет-алаяқтық, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру, бұзақылық, тонау жатады. Көбі отбасындағы жанжал барысында туындайды, яғни әйеліне қол көтеретіндер көп. Одан басқа әкімшілік құқық бұзушылықтар, атап айтқанда, отбасы-тұрмыс қатынастары аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер, ұсақ бұзақылық, алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға мас күйде келу, жеке тұлғалардың қалыпты демалысы мен тыныштығына кедергі келтіру, ортақ пайдаланылатын орындарды ластау, бөтен мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру фактілері де жиі болады, – дейді полиция инспекторы.

**УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ ИНСПЕКТОРЫНА АЗАМАТТАР МЫНАДАЙ ЖАҒДАЙДА КӨМЕККЕ ЖҮГІНЕ АЛАДЫ:**

*– егер көршілеріңіз 23:00 мен 06:00 аралығында тыныштықты бұзып, мазаңызды алса, музыканың дауысын қатты қойып, шуласа;*
*– отбасындағы тұрмыстық жанжалдар немесе көршілер арасында кикілжің туып, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнер болса, арты төбелеске ұласса;*
*– кіреберіске, жертөлеге, шатырға тұрғылықты жері белгісіз адам кіріп кетсе;*
*– кіреберісте көршілер темекі шексе;*
*– түнгі беймезгіл уақытта ойын-сауық орындарында кәмелет жасқа жетпеген жастар жүрсе;*
*– көліктер аулада қозғалысқа кедергі келтірсе;*
*– басқа да құқық бұзушылықтар бойынша.*

# КӨКТЕМНІҢ ДЕ ҚАТЕРІ БАР

Елордадағы Үркер тұрғын алабында азаматтық қорғаныс жүйесін су тасқыны кезеңіне дайындау мақсатында «Көктем-2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулары өтті.

«Биыл 6-7 наурызда еліміздің барлық өңірінде азаматтық қорғаныстың мемлекеттік жүйесін алдағы су тасқыны кезеңіне дайындауға бағытталған «Көктем-2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулары өтті. Оның аясында біз астаналық гарнизонның күштері мен құралдарын, су айдау техникасын, мотопомпаларды, сорғыларды, рельфтік техникаларды, катерлерді және басқа да техникаларды жұмылдырдық» деді елордалық ТЖД төтенше жағдайларды жою басқармасының бастығы Бауыржан Ахметалин.





«Көктем-2025» оқу-жаттығулары аясында «Астана жастары», Qanat және Lider.kz еріктілерінің көмегімен жергілікті тұрғындарды эвакуациялау және зардап шеккендерді қабылдау пунктіне орналастыру сценарийі әзірленді.

– Жаттығулардың бірінші кезеңі тұрғындарды эвакуациялау және зардап шеккен тұрғындарды қабылдау пунктіне орналастыру бойынша практикалық әрекеттерді орындауды қамтыды. Екінші кезеңде оқу-жаттығу сценарийі мұзға құлаған жергілікті тұрғындарды құтқару шараларын қамтыды. Үшінші кезең – инженерлік жұмыстар, қаптар төсеу және бөгетті нығайту, – деді Бауыржан Ахметалин.

Астанада тұрғындар жоғалған және ұрланған заттарды тауып, иелеріне қайтарған полиция қызметкерлеріне алғыс айтты. Елордалық департамент қызметкерлерінің жедел әрекетінің арқасында бірнеше азамат өздерінің жоғалған немесе ұрланған заттарын қайтарып алды.

# АЛҒЫСҚА БӨЛЕНДІ

Полиция қызметкерлерінің кәсіби жұмысына ризашылығын білдірген тұрғындар оларға шынайы алғыс айтты. Жақында қалада бірнеше оқиға тіркелді. Бір жағдайда жолаушы автобуста телефонын жоғалтып алып, полицияға жүгінді. Жедел-іздестіру бөлімінің қызметкерлері қысқа уақыт ішінде құрылғыны тауып, иесіне қайтарды. Басқа бір оқиғада өзге қаладан келген азамат қоғамдық көлікте белгісіз біреудің сөмкесін алып кеткенін хабарлады. Полиция ұрланған сөмкені тауып, иесіне қайтарды. Үшінші оқиғада қала тұрғыны автобуста сөмкесін ұмытып кеткен. Кейін сөмкесін тапқанымен, ішіндегі ақшасының ұрланғанын байқаған. Сақшылар дереу іске кірісіп, тергеу жүргізді. Жедел әрекеттің нәтижесінде ақша ұрлаған күдікті анықталып, жауапқа тартылды. Жәбірленуші полицияның қырағылығы мен кәсібилігіне ризашылығын білдірді.

# АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің қабылдаған тексеру іс-шараларының нәтижесінде астаналық тұрғынның мемлекеттік тұрғын үй қорынан үйді жекешелендіру мүмкіндігіне алып келді.



Атап айтқанда, департамент ағымдағы жылдың ақпанында «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру» мемлекеттік қызметін көрсетуден негізсіз бас тартуға қатысты қызмет алушының шағымын қарады.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 12.08.2021 ж. №437 бұйрығымен бекітілген қағидалармен айқындалған және 3 кезеңнен тұрады. Бірінші және екінші кезеңдер – тұрғын үйді жекешелендіру туралы тұрғын үй комиссиясының шешімі.

Осылайша, Астана қаласы әкімдігінің Тұрғын үй қорының тұрғын үй комиссиясы шешім қабылдау кезінде қызмет алушының ұсынылған құжаттары мен мәліметтері, сондай-ақ қолданыстағы заңнама талаптары толығымен зерделенбегені анықталды. Соның салдарынан қызмет алушы департаментке шағымдануға мәжбүр болған.

Бұл ретте департаменттің анықталған бұзушылықтарды жою және қызмет алушының бұзылған құқығын қалпына келтіру туралы ұсынымы негізінде тұрғын үй комиссиясымен өтініш берушінің тұрғын үйді жекешелендіру бойынша өтініші қайта қаралып, жекешелендіру шарты жасалды.

**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті**

# ИІС СУҒА ИЕ БОЛ!

Елордалық полицейлер косметика және парфюмерия дүкенінен иіс су ұрлаған ер адамды анықтады. Сауда орталығының өкілі полиция көмегіне жүгініп, ұрлық туралы арыз қалдырған.

Белгілі болғандай, күдікті витринадағы тауарды қарап, сатушының басқа жаққа алаңдап тұрғанын пайдаланып, әтір құтыны иемденіп, дүкеннен жасырынып шығып кеткен. Алматы ауданының криминалдық полиция қызметкерлері жедел-іздестіру шараларын жүргізу кезінде 48 жастағы ер адамды күдікті ретінде құрықтады. Осы дерек бойынша ҚР ҚК-нің 188-бабы (ұрлық) бабымен сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде. Ол кінәсін мойындап, заттай дәлелдемелер тәркіленді, сонымен қатар елорда аумағында бұрын жасалған осыған ұқсас қылмыстарға қатысы бар-жоғы да тексерілуде. Астана қаласының Полиция департаменті азаматтарға қырағы болуды, жұмыс орнын қараусыз қалдырмауды ұсынады. Сауда үй-жайларын тиісінше бейнебақылау камераларымен және күзет дабылдарымен жабдықтауға кеңес береді.

№29 (4773) 13/03/2025 Бейсенбі




# БАЛАБАҚША КЕҢІСТІГІН ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН ДҰРЫС?

Балабақша – бұл тек тәрбие мен білім беру орны ғана емес, сонымен қатар баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін маңызды орта. Осыған байланысты кеңістікті аймақтарға бөлу – мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі маңызды талаптардың бірі. Бұл әдіс балалардың өзіне қолайлы ортада білім алуына, ой-өрісін дамытуына және тәртіпке үйренуіне мүмкіндік береді.

Кеңістікті аймақтарға бөлу – бұл балабақша ішіндегі кеңістікті әртүрлі әрекеттерге арналған жеке аймақтарға ұйымдастыру. Мысалы:

• Ойын аймағы – балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытады.

• Шығармашылық аймағы – қиялын жетілдіреді.

• Кітап оқу аймағы – тіл байлығын арттырады.

• Ғылыми-зерттеу аймағы – танымдық қабілеттерін дамытады.

Кеңістікті дұрыс ұйымдастыру балалардың қауіпсіздігін, тәртібін және даму деңгейін жақсартуға көмектеседі. Әр аймақ балалардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келуі керек. Бұл олардың өздеріне ыңғайлы ортада еркін дамуына ықпал етеді.

### КЕҢІСТІКТІ АЙМАҚТАРҒА БӨЛУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

Қазіргі балабақшаларда кеңістікті заманауи әдістермен ұйымдастыру үлкен маңызға ие. Бұған бірнеше инновациялық тәсілдер жатады:

• Жылжымалы аймақтар – трансформацияланатын кеңістіктерді қолдану.

• Көпфункциялы жиһаздар – кеңістікті үнемді пайдалану.

• Интерактивті технологиялар – балалардың қызығушылығын арттыру (интерактивті тақталар, проекторлар, мультимедиялық құралдар).

• Табиғи материалдар – балалардың табиғатпен байланысын нығайту.

Балабақшадағы кеңістік қозғалысқа икемді болуы керек. Бұл балалардың белсенділігіне, өзара әрекеттесуіне және жаңа нәрселерді тез үйренуіне көмектеседі.

### ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Балабақшадағы заманауи технологиялар оқу процесін жеңілдетіп, балалардың қызығушылығын арттырады.

• Интерактивті тақталар – балалардың белсенділігін арттырады.

• Проекторлар – ертегілер мен мультфильмдер көрсету арқылы қиялын дамытады.

• Мультимедиялық құралдар – логикалық ойлау мен есте сақтау қабілетін жетілдіреді.

• Робототехника – инженерлік ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Дұрыс пайдаланылған технологиялар балалардың қызығушылығын арттырып, оқытуды қызықты әрі тиімді етеді. Бірақ біз балалардың экран алдында ұзақ уақыт өткізбеуін қадағалап, технологияларды тек білім беру мақсатында ғана қолданамыз.

### ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢІСТІК

Ерекше қажеттілігі бар балалар үшін арнайы жағдай жасау маңызды. Оларға сенсорлық бөлмелер, тыныштық аймақтары, ыңғайлы жиһаздар және психологиялық жайлылықты қамтамасыз ететін дизайн қажет. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған кеңістік олардың психологиялық және физикалық жайлылығын қамтамасыз етуі тиіс. Бұл балалардың қоғамға бейімделуіне үлкен көмек көрсетеді.



### ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН ҚАТЕЛІКТЕР

Кеңістікті дұрыс ұйымдастыруда кейбір жиі кездесетін қателіктер бар:

• Аймақтардың дұрыс бөлінбеуі – ойын мен тыныш аймақтардың араласуы.

• Балалардың жас ерекшеліктерін ескермеу.

• Қауіпсіздік талаптарының сақталмауы.

• Заманауи технологияларды қолданбау.

• Ата-аналармен кері байланыстың болмауы.

Кеңістікті ұйымдастыру кезінде балалардың жас ерекшеліктерін ескермеу – жиі кездесетін қателік. Әр жастағы баланың қызығушылықтары мен қажеттіліктері әртүрлі.

### ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ КЕРЕК?

Әрбір аймақ қауіпсіз болуы тиіс:

• Ойын алаңында – сапалы ойыншықтар мен тайғақ емес еден.

• Шығармашылық аймақта – улы емес бояулар мен дөңгелек ұшты қайшылар.

• Кітап оқу аймағында – көзге зиян келтірмейтін жарық.

• Жуынатын бөлмеде – тайғақ еденнің алдын алу.

Балалардың қауіпсіздігі – ең басты басымдық. Балабақшадағы әрбір кеңістік қауіпсіз әрі ыңғайлы болуы тиіс.

### АТА-АНАЛАРДЫ ҚАЛАЙ ТАРТУҒА БОЛАДЫ?

Баланың дамуында ата-ананың рөлі зор. Ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуы арқылы білім беру ортасы толық әрі жан-жақты дамиды. Бұл балалардың әлеуметтік, эмоционалдық және танымдық дамуында маңызды рөл атқарады.

Ата-аналарды балабақша ісіне араластыру үшін олармен ашық, сенімді қарым-қатынас орнату керек. Ата-аналар жиналысын өткізіп, олардың пікірін тыңдау қажет. Ашық есік күндерін ұйымдастырып, балабақшаның ішкі өмірімен таныстыру керек.

Сонымен қатар, ата-аналарды күнделікті балабақшаның іс-шараларына шақыру маңызды. Мысалы:

• Сенбілік,

• «Әкелер мектебі»,

• «Әжелер мектебі»,

• Спорттық жарыстар.

Ата-аналардың идеяларын да қолдау қажет. Егер олардың қандай да бір жобалары болса, бірге жүзеге асыруға мүмкіндік беру керек.

Балабақша жаңалықтарынан ата-аналарды хабардар етіп отыру да маңызды. Сайтта немесе әлеуметтік желілерде ақпарат жариялап, электрондық пошта арқылы хабарламалар жіберу қажет.

Ата-аналардың балабақша ісіне қатысуы – балалардың жақсы дамуы үшін өте маңызды. Сондықтан балабақша басшылығы мен тәрбиешілер бұл іске баса назар аударып, ата-аналарды түрлі шараларға белсене қатыстыруы қажет.

Кеңістікті аймақтарға дұрыс бөлу – балабақшадағы білім беру процесінің маңызды бөлігі. Ол балалардың қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілеттерін дамытады, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және тәртіпке үйретеді. Балабақшадағы кеңістікті ұйымдастыру балалардың дамуы мен білім алуына тікелей әсер етеді.

**Алма ҚАРАБАЕВА,**
**Астана қаласы «Қарлығаш» балабақшасы директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары**

Қазіргі қоғамда жасанды интеллект (ЖИ) адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналып, әсіресе білім беру саласында кеңінен қолданылып келеді. Бір кездері қиял-ғажайып фильмдер мен ғылыми фантастикада ғана кездесетін технологиялар бүгінгі күні мектептер мен университеттерде қолданыс табуда. Дегенмен, кез келген жаңа технология сияқты, жасанды интеллекттің де екі қыры бар. Ол білім алуды жеңілдетіп, жаңа мүмкіндіктер ашқанымен, кейбір қауіптерді де тудырады.

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ПАЙДАСЫ МЕН ҚАУПІ

### ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ?

Білім саласындағы жасанды интеллекттің ең басты артықшылығы – ақпаратқа қолжетімділікті арттыру. Бұрын күрделі зерттеу жүргізу үшін кітапханаларда ұзақ уақыт өткізу қажет болса, қазір кез келген сұрақтың жауабын бірнеше секунд ішінде табуға болады.

1. Жеке оқу бағдарламасы

Әр адамның білім деңгейі мен оқу қарқыны әртүрлі. Жасанды интеллект осы ерекшеліктерді ескеріп, оқушыларға жеке оқу бағдарламасын ұсына алады. Мысалы, Khan Academy немесе Coursera секілді платформалар оқушылардың деңгейін бағалап, оларға лайықты тапсырмалар береді.

2. Мұғалімдерге көмек

ЖИ мұғалімдерге сабақ жоспарын құруға, оқушылардың үлгерімін бақылауға, тіпті үй тапсырмаларын тексеруге көмектеседі. Осылайша, мұғалімдер оқушылармен тікелей жұмыс істеуге көбірек уақыт бөле алады.

3. Интерактивті және қызықты оқыту

Виртуалды шындық (VR) және ЖИ бірігіп, оқу процесін жандандыра алады. Мысалы, тарих пәнінде оқушылар ежелгі қалаларды 3D форматында зерттей алады, ал биологияда адамның ішкі құрылысын интерактивті түрде көру мүмкіндігіне ие болады.

### ҚАУІПТЕРІ ШЕ?

Технология дамыған сайын адамдардың оған тәуелділігі артып келеді. Бұл білім саласында да байқалады.

1. Оқушылардың сыни ойлау қабілетінің төмендеуі

Жасанды интеллект кез келген сұраққа дайын жауап беретіндіктен, оқушылар өздігінен ойлануды азайтуы мүмкін. Егер олар барлық тапсырманы ЖИ-ге орындата берсе, шығармашылық және логикалық ойлау қабілеті әлсірейді.

2. Академиялық адалдық мәселесі

Қазіргі таңда көптеген студенттер реферат, эссе, тіпті дипломдық жұмыстарды да ЖИ көмегімен жазуға тырысады. Бұл білім сапасына кері әсер етіп, түптеп келгенде, мамандардың біліксіздігіне әкелуі мүмкін.

3. Жеке мәліметтердің қауіпсіздігі

ЖИ қолданушыларының жеке ақпаратын жинап, оны өңдей алады. Егер бұл деректер дұрыс қорғалмаса, олар үшінші тараптың қолына түсіп, жеке өмірге қауіп төндіруі мүмкін.

Финляндияда жасанды интеллект білім беру жүйесіне белсенді түрде енгізіліп жатыр. Оқушылар мен студенттерге арналған арнайы платформалар олардың білім деңгейін бағалап, жеке ұсыныстар береді. Ал Қазақстанда кейбір жоғары оқу орындары ЖИ арқылы жазылған жұмыстарды анықтайтын арнайы жүйелерді енгізуде. Бұл – академиялық адалдықты сақтауға бағытталған маңызды қадам.

Жасанды интеллект – білім беру саласындағы үлкен жаңалық. Ол оқу процесін жеңілдетіп, жаңа мүмкіндіктер ашқанымен, оны дұрыс пайдалану қажет. Жасанды интеллект – көмекші құрал, бірақ негізгі білім көзі – адамның өзі. Егер біз технологияны ақылмен қолдансақ, онда оның пайдасы орасан зор болмақ. Ең бастысы – білім алуға деген қызығушылық пен өз бетінше ойлану қабілетін жоғалтпау.

**Жәния ТАҢАТАР,**
**Астана қаласы Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейдің 11-сынып оқушысы**



№29 (4773) 13/03/2025 Бейсенбі



# ШЫҒЫС ЕУРОПАДАҒЫ ШИЕЛЕНІС: КЕРІС ПЕН КЕЛІСІМ

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Сауд Арабиясының Жидда қаласында Украина мен АҚШ делегациялары арасында маңызды келіссөз өтті. Келіссөз басталар алдында Украина президенті кеңсесінің басшысы Андрей Ермак бұл кездесудің маңыздылығын атап, америкалық серіктестермен тиімді жұмыс істеуге ниетті екенін мәлімдеді. Украина делегациясы құрамында Ермакпен бірге Сыртқы істер министрі Андрей Сибига, Қорғаныс министрі Рустем Умеров және Украина президенті кеңсесі басшысының орынбасары Павел Палиса болды. Ал АҚШ тарапынан мемлекеттік хатшы Марко Рубио, ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесші Майк Уолц және Трамптың Батыс Азиядағы арнайы елшісі Стив Уиткофф қатысты.

### КЕЛІСІМ АРАСЫНДАҒЫ КЕЗЕҢ

8 сағатқа жалғасқан келіссөзде Украина тарапы соғысты аяқтаудың бірнеше нұсқасын ұсынды. Осы кездесуден бұрын Financial Times «Украина делегациясы Ресеймен атысты ішінара тоқтату туралы ұсыныс жасамақшы» деп болжам жасаған болатын. Басылымның дерегінше, бұл ұсыныс дрондар мен ұзақ қашықтыққа ұшатын зымырандарды қолдануды шектеу және Қара теңіздегі әскери операцияларды тоқтату мәселесін қамтиды. Сондай-ақ Украина Вашингтонның барлау деректерін бөлісу және әскери көмекті уақытша тоқтату туралы шешімін қайта қарауды да өтінген.

Reuters АҚШ тарапының бұл кездесуді Украина соғысты аяқтау үшін Ресейдің талаптарына қаншалық дайын екенін бағалау үшін пайдаланып отырғанын атап өтті. Келіссөз нәтижесінде Украина АҚШ ұсынған 30 күнге атысты тоқтату туралы шартты қабылдауға дайын екенін мәлімдеді. Бұл мерзім қажеттілікке қарай ұзартылуы мүмкін. Сонымен қатар, АҚШ Украинаға әскери және барлау мәліметтерін қайта бөлісуді жалғастыратынын растады. Келіссөздердің маңызды нәтижелерінің бірі – гуманитарлық миссиялардың маңыздылығын талқылау болды. Уақытша атысты тоқтату аясында әскери тұтқындармен алмасу, қамауда отырған бейбіт тұрғындарды қайтару және күштеп қоныс аударылған украин балаларын қайтару мәселелері көтерілді.

Екі делегация да Украинаның ұзақ мерзімді қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тұрақты бейбітшілікке қол жеткізу үшін келіссөз жүргізетін топтардың құрамын анықтауға және келіссөздерді дереу бастауға келісті. Америка Құрама Штаттары бұл нақты ұсыныстарды ресейлік өкілдермен талқылауға міндеттенді. Украина делегациясы еуропалық әріптестерінің бітімгершілік процесіне қатысуы керектігін тағы да баса айтты.

АҚШ делегациясының басшысы Марко Рубио кездесуде оң қадам жасалғанын және енді жауапкершіліктің Ресейге жүктелетінін мәлімдеді. «Біз 30 күнге атысты тоқтатуды және келіссөздерді бастауды ұсындық. Украина бұл ұсынысты қабылдады. Енді Ресей қандай шешім қабылдайды, соған байланысты әрекет етеміз» деді Рубио. Майк Уолтц өз кезегінде жуырда ресейлік әріптестерімен кездесетінін және G-7 елдерімен Украинадағы бейбітшілік мәселесін талқылайтынын хабарлады.

Жиддадағы келіссөздер Украина мен АҚШ арасында стратегиялық әріптестіктің нығая түскенін көрсетті. Сонымен қатар, бұл кездесу Украинаға қажетті әскери және гуманитарлық көмекті қамтамасыз ету, соғысты аяқтауға бағытталған маңызды қадам ретінде қарастырылуда. Алдағы уақытта Ресейдің бұл бастамаларға қандай жауап беретінін уақыт көрсетеді.

### ПРЕЗИДЕНТТЕР ҚАНДАЙ ПІКІРДЕ?

Украина президенті Владимир Зеленский де келіссөздердің негізгі ұстанымдарын қолдады. Ол уақытша атысты тоқтату тек белгілі бір әскери әрекеттерді емес, барлық майдан шебіндегі қақтығыстарды қамтуы керек екенін атап өтті. «Украина бұл ұсынысты қабылдады, бірақ Ресей де оны қабылдау керек. Егер Ресей келіспесе, бұл келісім біржақты орындалмайды» деді Зеленский.

Осыдан кейін Дональд Трамп Украинадағы соғысқа байланысты маңызды мәлімдеме жасады. Ол президент Зеленскийді Ақ үйге қайта шақыруға ниетті екенін білдірді. Сонымен қатар, АҚШ өкілдері алдағы күндері Ресей тарапымен кездесіп, ұсыныстарды талқылайтынын жеткізді. Соғысты жуық арада толық тоқтатуға үмітті екенін білдірген Трамп жақын күндері Ресей президенті Владимир Путинмен сөйлесуі мүмкін екенін айтты. Оның сөзінше, егер Ресей келісімге көнбесе, жалғыз жол – соғысу. Бұл жағдайда АҚШ Украинаға әскери қолдауды күшейтіп, оны қайта қаруландырады. «Путин біздің ұсынған келісімге қол қойса, Украинадағы дағдарыстың 75%-ы шешілді деп есептейміз» деді Трамп.

### МӘСКЕУ ҚАРСЫ БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ МА?

Украина үшін бұл қадам қаншалық маңызды деген мәселеге келсек, әрине, бұл келісімнің маңызы өте зор. Қазіргі жағдайда украин сарбаздары Курскіде үш бағыттан қысым көріп, шегінуге мәжбүр. Запорожье мен Донбасста Ресей әскері үлкен шығынға қарамастан шабуылын жалғастыруда. Сондықтан Украинаға кем дегенде 30 күндік ұрыс қимылдарының тоқтауы қажет. Осы уақыт ішінде жаңа қорғаныс шептерін құрып, АҚШ пен Еуропадан келетін қаруды әскерге жеткізуге мүмкіндік алады.

Ресей Мемлекеттік Думасының депутаты Виктор Соболев Украинадағы ұрыс қимылдарын уақытша тоқтату туралы ұсынысты қабылдауға қарсы шықты. «Бұл тек Украинаға тиімді болмақ, өйткені 30 күн ішінде олар қайта топтасып, әскерін толықтырып үлгереді» деді ол. Путин де бұған дейін ұрысты тоқтату қажет еместігін мәлімдеген болатын.

### МАЙДАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ ДА МӘЗ ЕМЕС

Алдыңғы күні Ресей әскері Курск облысында алға жылжып, Суджа қаласының шығыс бөлігінен қалаға кіргені хабарланды. Ресей Қорғаныс министрлігі Курск облысында 100 шаршы шақырым аумақ пен 12 елді мекенді бақылауға алғанын мәлімдеді. Бұл алға жылжу Украина күштерінің қоршауда қалу қаупін арттырып отыр. Батыстық барлау мәліметтеріне сәйкес, Украина әскері Курскіде шегінуді бастаған. Ресей күштері аймақта 3 тонналық әуе бомбаларын қолданып, шабуылды күшейтуде. Сарапшылардың мөлшерлеуінше, Курск облысында 4-8 мың украин сарбазы қалған. Қазір Украина әскерін қоршауда қалдырмау үшін тиімді позицияларға шегініп, өз аумағына өтуді мақсат етіп отыр.

Өткен жылы Украина бұл өңірде 1300 шаршы шақырым жерді бақылауына алған болатын. Киев мұны Ресеймен келіссөздерде ұстанымын нығайту және Мәскеуді шығыстан әскерін әкетуге мәжбүрлеу үшін жасағанын айтқан еді.

Украина да Ресейге қарсы ауқымды дрон шабуылдарын жалғастырып жатыр. Дүйсенбіден сейсенбіге қараған түні Украина Мәскеу облысы мен Мәскеу қаласына бағыттап бір мезетте 400-ге жуық дронмен шабуыл жасаған. Шабуыл салдарынан Мәскеуде екі адам қаза тауып, 18 адам жараланды, бірнеше әуежай уақытша жабылды. Мәскеу мэрі Сергей Собянин бұл шабуылды «соғыс басталғаннан бергі ең ауқымды» деп сипаттады. Бұл шабуыл АҚШ барлауына тыйым салғанына қарамастан, Украина нысаналарды дәл соға алатынын көрсетті. Шабуылдан кейін ресейлік жоғары лауазымды тұлғалар бұл шабуылдарға жауап ретінде «Орешник» гипердыбысты зымыранын қолдану керек деп мәлімдеді. Бұл зымыран өткен жылдың қараша айында Украинаға атылған.

### ЕУРОПАНЫҢ ДА ЕҢБЕГІ БАР

АҚШ пен Украина арасында келіссөздер жүріп жатқан кезде Еуропалық кеңес төрағасы Антониу Кошта Украинадағы соғыстың ауқымды салдары жайлы айтып, оның қауіпсіздігі Еуропаның қауіпсіздігімен тығыз байланысты екенін мәлімдеді.

Кошта Еуроодақ 2022 жылдан бері Украинаға 135 миллиард еуродан астам көмек көрсеткенін, алдағы уақытта бұл қолдауды одан әрі күшейтуге ниетті екенін, Еуропалық кеңестің қорғаныс пен Украинаға көмек шығындарын арттыру туралы шешім қабылдағанын жеткізді. «Ең тиімді қауіпсіздік кепілі – Украинаның өзін-өзі қорғау қабілетін күшейту және сенімді еуропалық қорғаныс жүйесін құру» деді ол.

Қысқасы, уақытша бітім Украинаға жаңа қорғаныс шептерін нығайтуға және қару-жарақпен жабдықталуға мүмкіндік береді. Ал Ресей бұл уақытты қарсыласын күшейту кезеңі ретінде қарастырып, келісімнен бас тартып, шабуылды тіпті үдетуі де мүмкін. Дегенмен жалпы жағдайдың қалай өрбитіні келіссөздерге, тараптардың әскери мүмкіндіктеріне және халықаралық қолдауға тікелей байланысты. Қазір Украина қауіпсіздігін Еуропадан бөлек қарастыруға болмайды деген ұстаным нығая түссе, Ресейдің де бұл соғыстағы стратегиясы да қатаң сипат алғандай. Бұл – ұзаққа созылатын текетірестің белгісі.

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### АСТАНА САЛАДЫ

Өзбек елі жаңа елордасын салуға кірісті. Ол қазіргі астанасының жанында орналасқандықтан әзірге «Жаңа Ташкент» деген атпен бой көтереді.



Шыршық пен Қарасу өзендерінің арасын алып жататын, елдің әлеуметтік, әкімшілік, іскерлік және мәдени жаңа орталығына айналады деп белгіленген «Жаңа Ташкент» қаласы 20 000 гектар жерде бой көтереді. Жаңа астана 454 Ватикан мемлекеті сыйып кететін ұлан-ғайыр аумаққа құлаш жайып жатады. Онда High-Tech City сияқты көкке бой созған бірнеше зәулім ғимарат болады деп жобаланған.

### 9 ЖЫЛҒА СОТТАЛДЫ

Грузия соты бұрынғы президент Михаил Саакашвилиді 9 жыл түрмеге қамау жөнінде үкім шығарды. Ол оның 6 жылын өтеген болып есептеледі.



Оған «ірі көлемде мемлекет қаржысын жымқырды» деген айып тағылған. Бұл Саакашвилиге қарсы қозғалған қылмыстық істердің бірі ғана. Саакашвили 2004-2013 жылдар аралығында, екі мерзім Грузия президенті болды. Ол 2021 жылдың 1 қазанынан бері түрмеде отыр.

### ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ МҮМКІНДІГІ МОЛ

Жасанды интеллект технологиялары денсаулық сақтау, энергетика, білім беру секілді салаларға жаңашылдық алып келді. Мәселен, британдық дәрігерлер эпилепсияны диагностикалауда жасанды интеллект көмегіне жүгінуде. Google жаңа ЖИ ассистентін ұсынды. Ол ғалымдарға ғылыми зерттеулер жүргізуге көмектеседі.

Алғашқы сынақтар Стэнфорд университеті, Лондонның империялық колледжі мен Хьюстон ауруханасы сарапшыларының қатысуымен өткізілді. Нәтижесінде жасанды интеллектінің ғылыми зерттеулерде тиімді жұмыс істейтіні айқындалды. Google-дің бұл технологиясы ғылымның жаңа жетістіктеріне жол ашып, зерттеушілерге тиімді әрі жылдам шешімдер табуға мүмкіндік бермек.

### АЙЫППҰЛ АРҚАЛАДЫ

АҚШ-тағы Миссури штатының соты Қытайға коронавирустың шығу тегі және таралуы туралы ақпаратты жасырғаны үшін 24 млрд доллар айыппұл салды.

Қаулыда «Азия елі індеттің ауқымына қатысты адамзатты адастырды және жеке қорғану құралдарын өндіру және экспорттау бойынша монополия жасағысы келді» деген айып тағылған. Осының кесірінен АҚШ ауруға қарсы дер кезінде әрекет жасап, қажетті құрал-жабдықты ала алмай қалған. Бірақ Қытай билігі бұл айыптауларды негізсіз деп жоққа шығарды.

№29 (4773) 13/03/2025 Бейсенбі

# КӨШ БАСТАҒАН КӨПЕСТЕР

Ақмола өңірінің қалталы азаматтары туралы әңгіме қозғалған тұста, қазақ даласында кәсіпкерлік саланы алғаш қалыптастырған, қазіргі тілмен айтқанда, қазақтан шыққан тұңғыш бизнесмен тұлғалар – Қосшығұловтар әулетінің алдымен ойға оралатыны заңды. Мақалада Арқа төсіне өркениеттің озық үлгілерін алып келуге атсалысқан осы әулеттің тарихы мен тағдыры архив қорының құжаттары негізінде баяндалады.



XIX ғасырда қазақ даласындағы сауда-экономикалық байланыстардың дамуы нәтижесінде кәсіпкерлікті өмірлік ұстанымының басты қағидатына айналдырған саудагер-көпестер тобы қалыптасып, ірі кәсіпкерлер есімі танылып үлгерген еді.

Ол уақытта мұндай көш бастаған қайраткер көпестердің қатарына қосылу (ақсүйек, хан тұқымынан айырмашылығы) мұрагерлік жол арқылы жүзеге аса қоймайтын, сол себепті де XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап олар гильдия куәлігін алуға, көпестер легін толтыруға әуелі өздері мүдделі еді. Оған себеп, бірінші гильдиялық көпестер өздерінің шетелдік әріптестерімен ауқымды мөлшерде көтерме сауда жасасу, кәсіпкерлік байланыста болу мүмкіндігіне ие болатын. Ал XIX ғасырдың 90-жылдары соңында сауда-өндірістік салық реформаларының талабы бойынша сауда-саттық жасасу үшін гильдиялық куәлікті өздері сатып алатын тәртіп енгізілді. Ал мұндай куәлікке кез келген адам ие бола алмайтын, бұл тек Ресейдің өнеркәсіп және сауда министрлігі тарапынан көпестің сауда-өнеркәсіп саласының ақша айналымына қосқан жарнасына қарай тапсырылатын.

Архив құжаттарына сүйенсек, 1897 жылғы Ресей империясының 1-жалпыхалықтық санағы көрсеткіші Ақмола қаласында отбасы мүшелерін қоса есептегенде 85 адам (30 ер, 55 әйел), ал Ақмола облысы бойынша 1107 адам (515 ер, 592 әйел) көпестер сословиесін құрағанын көрсетеді.

Біздің елімізде бұл сала қалай дамыды, оның бастауында кімдер тұрды деген мәселеге келсек, жұрт назарына әуелі Ақмоланың айтулы көпесі, қазақтан шыққан тұңғыш капиталист Баймұхамбет (архив құжаттары бойынша Баймухаммет) Қосшығұлов есімі ілігер еді. Қосшығұловтар әулетінің іскерлік қабілет-қарымы туралы, сол кездері қала орталығында олар иелік еткен ірі-ірі сауда орталығы, кәмпит-тоқаш фабрикасы, Керуен сарайда (Гостиный двор) бірнеше нүктесі, мұсылмандар мектебі жұмыс істегені жайында бұған дейін де талай рет жазылған, соған қарамастан өсіп келе жатқан жаңа ұрпаққа мұндай тарихи тұлғалар хақында бұдан кейін де жазылатын, зерттеп-зерделейтін дүниелер жетерлік.

Архив қорын ақтарып отырып, Баймұхамбет Қосшығұловтың тағдырына қатысты бірталай құжатты кезіктіруге болады. Тарихи тұлғаның шынайы болмысы мен азаматтық қалыбын танып-білу үшін оның әуелі сауда-саттықпен айналысқанын, қазақ даласынан шыққан тұңғыш капиталистің бірі болғанын растайтын ресми құжаттардың орны бөлек саналады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде сақталған құжаттар оның 1901 жылдан бастап көпес атанғанын, алғашында №2-гильдия көпесі, сосын 1911 жылдан №1 гильдия көпесі болғанын тайға таңба басқандай көрсетіп отыр.

Осы құжаттарға сүйенсек, 1910 жылғы дерек бойынша Баймұхамбет Қосшығұлов 60 жаста, әйелі Мәдина 49 жаста, балалары: Құрманғали (архив құжаттарында бірде Курбангали, кей жерде Курмангали деп екі түрлі нұсқада жазылған ) 32 жаста, әйелі Агла 30 жаста, ұлы Хасан 12 жаста, қызы Мәриям 4 жаста; Мұхамедқали 30 жаста, әйелі Шарафат 25 жаста, ұлы Ғалымжан 5 жаста; Мұхамедуәли 27 жаста, оның әйелі Ханифа 23 жаста, қызы Мағинұр 3 жаста, ұлы Ғани 1 жаста; Нұрмұхамед 24 жаста, Мұхамедқадыр 16 жаста, Бекмұхаммед 13 жаста, қызы Райхан 18 жаста деп жазылыпты.

Тарихи дерек демекші, осы ретте тағы бір айта кететін жайт, Ақмола қаласы тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлері 1970-1990 жылдары көзі тірі ұрпақтары мен көзкөргендерден Ақмоланың төңкеріске дейінгі тарихы мен осы өлкенің көркеюіне үлес қосқан көпестердің қызметіне қатысты естеліктер мен фотоларды жинақтаумен айналысқаны мәлім. Кейінгі дәуір үлесіне тиесілі бұл жинақтағы материалдар бүгінде Ұлттық музей қорында, мемлекеттік сақтауға алынған. Солардың ішінен мына бір естелік ерекше назар аудартты: 1909 жылы дүниеге келген Николай Иванович Второв есімді ақмолалық тұрғын 1976 жылы: «Құрманғали Баймұхамбетұлы Қосшығұлов ірі кәсіпкер, Керуен сарайда дүкені, кәмпит фабрикасы болған, 1976 жылдың маусым айына дейін облыстық сот орналасқан ғимаратта тұрған. Жергілікті қазақтардың айтуынша, сыра зауыты болған жердегі мешітті (бұл жердегі әңгіме Ақмоладағы Қоңырқұлжа Құдаймендин салдырған алғашқы мешіт жайында, 1920 жылы ағаш мешіт өртеніп, орнына тас мешіт орнатылған еді) өз қаржысына тұрғызған. Ал оның кіші інісі Нұркей кәмпит фабрикасы орналасқан ғимаратта тұрды. Қалалық кеңестің Ленин (қазіргі Абай) және Пушкин көшелері қиылысындағы бұрынғы ғимаратта – Уәли Қосшығұлов, ал насос зауытының аумағында, үлкен ағаш үйде Мұқан Қосшығұлов тұрды. Олардың бәрі де саудамен айналысты, Нұркей көңіл көтергенді жақсы көретін, сондықтан ағалары оны бақылауда ұстады» деп естелігімен бөлісіпті.

Сол секілді өлкетанушы Ерлан Күзекбайдың зерттеулерінде де Баймұхамбеттің қаладағы ірі байлардың қатарында болғаны, ірі көлемдегі сауда ісімен қатар өндіріс орындарын ашқаны айтылады. Ол өз еңбегінде: «...кондитер фабрикасы, тері-терсек зауыты, сабын зауыты, кірпіш зауыты, шаруашылық құрал-жабдықтарын шығаратын зауыт сияқты бірнеше кәсіпорны болған. Ол XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында-ақ кәсіпкерлік және сауда ісімен Ресей, Батыс Еуропа, Орта Азия елдерімен тығыз байланыс жасаған» дейді.

Ресейдің Санкт-Петербург қаласында 1913 жылы жарық көрген «Сибирский торгово-промышленный ежегодник» басылымында Б.Қосшығұловтың бакалея тауарлары, керосин және мұнай, ыдыс-аяқ және шаруашылық заттары, шай мен қант, бояғыш тауарлары бойынша сауда-өнеркәсіп орындары бар екені жазылған.

Қосшығұловтар әулетінің мықты әлеуетін білдіретін мына бір дерек ешкімді бейжай қалдырмаса керек-ті: 1920-1930 жылдары кеңселерде қағаз, қалам тапшылығына байланысты империялық кезеңдегі кеңсе іс қағаздарының қайырма беті іс жүргізуде пайдаланылып, ал құжаттардың кейбірі қолға түскен қалам, қарындашпен толтырылыпты. Сол қағаздың ішінен 1911 жылы 16 қыркүйекте Пожевск зауыттарының иесі, кәсіпкер князь Сергей Евгеньевич Львовтың (уақытша өкіметтің төрағасы – министр Г.Е.Львовтің ағасы) Б.Қосшығұловқа жіберілген тауарының жөнелтпе қағазының бір бөлігі сақталған. Бұл қағаздағы «тасымалдаушы «ГЕРГАРДЪ ЖӘНЕ ГЕЙ» акционерлік қоғамы» деген атауға байланысты бірер сөз, қоғам жұмысын 1901 жылы 24 қарашада бастаған екен. Олар Ресейдің өз ішіне және шетелге су, теміржол және жерүсті жолдары арқылы жүк тасымалдаумен айналысқан; сонымен қатар жер-жерде тауарларды қабылдайтын, сақтайтын қоймалары болған; мұнымен қоймай тауарларды сатып алу-сату бойынша комиссиялық тапсырмалар мен кедендік міндеттемелерді орындаған. Негізгі жайы Санкт-Петербургте орналасқан. Мәскеу, Рига, Одесса, Қазан, Омбы, Орынбор, Түмен, т. б. қалаларда, сондай-ақ Ақмола мен Атбасарда кеңселері, агенттіктері болған. Лейпциг, Берлин, Гамбург, Лондон, Нью-Йорк, Майндағы Франкфурт сияқты т. б. шетелдің ірі қалаларында өкілдіктері жұмыс істеген. Ақмолаға Омбы мен Петропавл арқылы темір жолмен байланысып, осындағы қоймаларына жүк жеткізіп отырған.

Сергей Евгеньевич Львов 1754 жылы металлургия зауыты болып құрылған, XIX ғ. машина жасаумен айналысқан Пожевск зауыттарының халық тұтынатын тауарлардың (металл ыдыстар, үтіктер, ауылшаруашылық құралдары және т. б.) ассортиментін кеңейтіп, өндірісін жолға қойды. Осының арқасында ол зауытты қарыздан құтқарып қана қоймай, оны Пермь өлкесіндегі озық кәсіпорындардың біріне айналдырды.

Баймұхамбет Қосшығұлов есімінің Ақмола қаласы мен уезді бойынша 1907 жылы қалалық съезге қатысқан сайлаушылар тізімінде болуының өзі оның сауда-саттық саласында ғана емес, жалпы халық арасында да азаматтық, қайраткерлік ықпалының аз болмағанын аңғартады. Сол уақыттағы саяси шешім бойынша сайлауға қатысуға тек жылжымайтын мүлкі бар адамдарға ғана рұқсат етілетін еді.

Мемлекеттік Думаға сайлау жөніндегі құжаттардан да оның аты-жөнін кезіктіргенде, деректің мазмұнына мән бермей өте алмайсыз. Соның бірі Мемлекеттік Думаға депутат сайлау үшін облыстық сайлау жиынына Ақмола қаласынан қатысатын сайлаушыларды сайлау 1906 жылдың 22 мамырында өткенін растайтын құжатты алайық. Ақмола сайлау комиссиясының мүшелері, Ақмола қаласының басшылығы С.А.Кубрин, мүшелері Н.К.Герасимов, А.М.Никитин, Д.Н.Макин, Д.И.Толокнов, Х.Х.Султанаев, Х.А.Хусайынов, Б.Қосшығұлов сайлаудан соң жәшіктерді ашып, сайлау қағаздарын тексереді. Сайлаудағы дауыс беру нәтижесі бойынша оған 238 адам қатысқан. Мемлекеттік Думаға сайлау туралы ережеге сәйкес сайланушы кем дегенде тең жарты дауыс, яғни 238 дауыс берушіден 120 дауыс жинауы керек болатын. Архивтегі әрбір құжаттың тарихымыз үшін маңызы ерекше екенін ескерсек, осы бір ғана деректің өзі қаншама тағдырдың есімін алдымызға тосып, шаһар тарихының қыры мен сырына терең бойлата түседі.

Архив қорын ақтарып отырып, Баймұхамбет Қосшығұловтың тағдырына қатысты бірталай құжатты кезіктіруге болады. Тарихи тұлғаның шынайы болмысы мен азаматтық қалыбын танып-білу үшін оның әуелі сауда-саттықпен айналысқанын, қазақ даласынан шыққан тұңғыш капиталистің бірі болғанын растайтын ресми құжаттардың орны бөлек саналады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде сақталған құжаттар оның 1901 жылдан бастап көпес атанғанын, алғашында №2-гильдия көпесі, сосын 1911 жылдан №1 гильдия көпесі болғанын тайға таңба басқандай көрсетіп отыр

**Ғазиза ИСАХАН,**
**Астана қаласы мемлекеттік архиві ғылыми-зерттеу және ақпараттық-түсіндіру жұмысы қызметінің басшысы**

*(Жалғасы бар)*



# ҚАЛАМЫ ҚАРЫМДЫ

Ердің жасы – елуге келген Ғалымжан Елшібай курстасым журналистикаға ерте араласты. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің сырттай бөліміне оқуға түсіп, 18 жасында аудандық «Төлеби туы» газетіне жұмысқа тұрды. Одан облыстық «Оңтүстік Қазақстан», облыс орталығындағы «Шымкент келбеті» газеттерінде қаламы қайралды. Республикалық «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», әсіресе «Жас Алаш» газетінде ұзақ уақыт – 15 жыл жұмыс істеп, жұрт іздеп оқитын өткір мақалалар жазды. Қазір қазақ баспасөзінің қара шаңырағы, көшбасшы басылым – «Егемен Қазақстанда» еңбек етіп жүр. Дәстүрлі журналистиканың барлық мектебінен өтті.

Университет қабырғасында оқып жүрген кездің өзінде оның дара журналист болатыны белгілі еді. Университетті үздік бітірген оған атақты Темірбек Қожакеевтің өзі, бойындағы ұшқынын байқаса керек, ерекше ұстаздық ықылас білдіріп, болашағынан зор үміт күтетінін айтып отыратын. Диплом жетекшісі болды. Университеттегі диссертациялық кеңесте ғылым кандидаттығының тақырыбы бекітіліп, оқытушы болу ұсынылды. Бірақ Ғалымжан бәрінен бас тартып, ауылға қайтты. Оның оқытушы болмай, ғылым кандидаттығын қорғамай, журналистика саласының қайнаған ортасында еңбек етуді таңдағанынан өзі де, қоғам да ұтпаса, ұтылған жоқ. Сүйікті шәкіртін іздеп Қожакеевтің арада біраз жыл өткенде алыстағы Қасқасу ауылына арнайы баруы, қара шаңырақта қонып қайтуы, Ғалекеңнің әке-шешесін Алматыға шақырып жақсылап қонақ етуі екеуінің арасында терең сыйластық барын білдірмей ме?! Ұстазын айрықша құрмет тұтатын Ғалымжан Елшібай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің үздік оқитын студенттеріне екі мәрте Қожакеев атындағы стипендия тапсырып, алдағы кезде де жалғастыратын дәстүрге айналдырған азаматтығын айтсаңызшы!

Ғалымжанның диплом жұмысының тақырыбы баршамызды таңғалдырып, сенсация болған. Басқалар әр алуан тақырып таңдап жатқанда, ол өз шығармашылығынан өзі диплом қорғайтын батылдыққа барды. Өзінің жазған дүниелеріне өзі сын көзбен қарап сүзгіден өткізуге, кемшілігі мен жетістігін саралап, өз-өзіне есеп берген диплом жұмысын қорғауға екінің бірі тәуекел ете алмайтыны анық. Ақын Қасым Аманжолов айтқандай, «өзге емес, өзі айтты өз жайында». Тағы бір жақсы көретін ақыны Төлеген Айбергеновтің «Жанам деген жүрекке от беремін» деген сөзі диплом тақырыбы болды. Міне, уақыт жүйткіп жанам деген жүрегіне от бергелі, журналистиканың «отымен кіріп, күлімен шығып» жүргелі де 30 жылдан асыпты. Нақтысы, еңбек стажы – 32 жыл. Осынау 30 шақты жылдың ішінде еңбегі бағаланып, талай байрақты бәсекеде топ жарды. Ақпарат саласының үздігі атанды. Облыста «Алтын қауырсын», «Жыл журналисі» сияқты көптеген номинацияны бірнеше дүркін иеленіп көш бастаса, республикалық байқауда бағы жанып, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Сөз зергері» сыйлығының иегері атануы талай жылғы тынбай төккен тердің өтеуі болса керек. «Ерен еңбегі үшін» деген мемлекеттік награда да алды. Туған жері – Төлеби ауданының құрметті азаматы. Түркістан облыстық мәслихатының екі дүркін депутаты болып елге қалтқысыз қызмет етіп келеді.

Ғалымжан Елшібай – ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған журналист. Оқырман жазған мақаласынан-ақ авторының кім екенін айна-қатесіз таниды. Бұл да Ғалымның бірегейлігі мен қолтаңбасы. Талай сыни мақаласы жарыққа шықты. Өзі талай жыл меншікті тілші қызметін атқарған республикалық басылымдардан халықтың мұң-мұқтажын зерттеп, газет атынан араша түскен сыни мақалаларымен көптің құрметіне бөленді. Заңды бұзып, меншікке салынғандардың, мемлекет мүлкін өз меншігіндей жұмсаған жемқорлар мен парақорлардың айыбын бетіне басып жазған сын мақалаларын жұртшылық сүйсіне оқыды.

Ғалымжанның мен ерекше құрмет тұтатын тағы бір ерекшелігі өте еңбекқор. Оқырман алдындағы жауапкершілігі, ішкі мәдениеті мықты. Досқа адалдығы мен ұйымдастырушылық қабілеті бөлек тақырып десем болады. Керемет әке, отбасына өте қамқор, бізге сыйлы дос!

Түркістан облыс орталығы болғалы өңір журналистикасы дамудың жаңа кезеңіне қадам басқаны анық. Бұған дейін шеткі өңір, провинция ретінде саналып келген Түркістанда қазір заманауи журналистік орта қалыптасты. Күллі түркі әлемінің рухани орталығы атанған киелі өңірдің журналистика саласын дамытуға кімдер атсалысып келеді десек, алдымен ауызға ілігетіндердің қатарында Қазақстан Журналистер одағы Түркістан облыстық филиалының тұңғыш төрағасы болу пешенесіне жазылған Ғалымжан Елшібайды ерекше атап айтуымыз қажет. Жаңадан құрылған облыста төрағалықтың тізгінін ұстаған 5 жылдың бедерінде түркі әлемінің қара шаңырағы атанған қасиетті Түркістанда түрлі халықаралық және республикалық, өңірлік медиафорумдар мен семинарлар, кездесулердің өтуіне мұрындық болды. Ғалымжан Қамытбекұлы оңтүстік журналистикасының сапасын арттыру, заманауи стандарттарға сай болуы үшін болашақ журналистерді даярлайтын Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің басшылығымен өзара меморандум түзіп, тығыз байланыста бірлесе жұмыс атқарды.

Ғалымжан Журналистер одағы филиалының төрағалығынан кеткен соң да журналистердің басын қосып, ауқымды іс-шараларды ұйымдастырып жүретін бағытынан таймады. Айталық, былтыр қасиетті оразада отбасының атынан дастархан жайып, ауызашар берді. 200-ден аса адам қатысқан сол шараға журналистикада бірге жүрген әріптестер, саланың ардагерлері, өңірдегі қолына қалам ұстаған қауымның алдыңғы, орта, кейінгі буыны шақырылды. Өмірден өтіп кеткен журналистердің жұбайлары мен перзенттері де ұмыт қалмады. Әсет Тілеукеев, Әмірсейіт Әлиев, Жұмамұрат Тұяқбаев, Оразхан Жарқынбек, Қайырғали Медет сынды аға буын өкілдері, журналистикадағы ұстаздарымыздың есімдері еске алынды. Сол ауызашарда марқұм болған 40 шақты журналистің аттарын атап, дұға бағышталды.

Ғалымжан Елшібайдың тікелей ұйытқы болуымен осыдан 12 жыл бұрын оңтүстік өңіріндегі меншікті тілшілер клубы құрылған болатын. Осы мерзім ішінде «собкорлар» бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай болып кеткеніне өзім де куәмін. Табиғат аясындағы демалыс болсын, спорт жарысы болсын – барлығына да меншікті тілшілер қауымы бір ұжымның мүшелеріндей атсалысып, ел-жұрт қызығатындай ауызбіршілігін танытып келеді.

Қазақта «елу – ердің жасы» деген сөз бар. Толдым, болдым деген жас емес, әрине. Десек те адам өмірінде үлкен бір асу, үлкен бір белес. Алар асулар, бағындырар белестер әлі алда деп ойлаймын!

**Айгүл ҚАПБАРОВА,**
**ҚР Парламенті**
**Сенатының депутаты**

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

# ӘЙЕЛДЕР ОРКЕСТРІ

Астанада тек қыз-келіншектерден құралған Қазақстандағы жалғыз оркестр бар. Sezim Music Show аталатын өнер ұжымы музыкамен ғана айналыспай, әлеуметтік миссияны да арқалап отыр. Оркестр қиын жағдайға тап болған әйелдерді қолдауға, декретте көп отырып қалған келіншектерге сахнада өнер көрсетуге мүмкіндік беру арқылы шабыт сыйлауға ерекше көңіл бөледі. Құрамы кәсіби музыканттардан тұратын ұжым бір ай бұрын елорданың Жастар сарайында өзінің алғашқы концертін беріп те үлгерді. «Мен әйелмін» аталған сол кеште танымал көркем фильмдердің музыкасы орындалды.



Осындай оркестрді құру идеясының авторы Мәдина Бекмәдиева – кәсіби скрипкашы, халықаралық байқаулардың лауреаты және көпбалалы ана. Ол Еуропа, АҚШ, Таяу Шығыс елдері мен Ресейде жеке, сондай-ақ трио және аспаптық ансамбльдер құрамында өнер көрсетті. Мәдина Қазақ ұлттық өнер университетін және Новосибирск қаласындағы М.Глинка атындағы мемлекеттік консерваторияның магистратурасын тәмамдаған. Бүгінде «Art Generation» шығармашылық орталығының және осы аттас концерттер циклінің негізін қалаушы әрі директоры, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті скрипка кафедрасының оқытушысы, Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрінің әртісі, сондай-ақ «Каприччи» скрипкашылар ансамблінің жетекшісі.

Оркестрде жалпы 25 музыкант ойнайды. Әредік құрамы өзгеріп отырса да, саны азаймайды. Соның негізгілеріне тоқталсақ, Бота Қали – Вена музыка академиясының түлегі, халықаралық конкурстардың лауреаты. Қазіргі уақытта запастағы лейтенант. К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде сабақ береді.

Шырын Базарқұлова – үш қызды өсіріп отырған композитор. Санкт-Петербург консерваториясын бітірді. Көркем фильмдер мен телехикаяларға, симфониялық оркестрлерге музыка жазады. Димаш Құдайберген, Қайрат Нұртас сынды танымал әншілермен жұмыс істеген ол – Sezim Music Show оркестрінің музыкалық редакторы.

Наталья Бейсенова – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы мен Қазақ ұлттық өнер университетінің түлегі, халықаралық байқаулардың лауреаты. Қазіргі таңда К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің үрлемелі және соқпалы аспаптар кафедрасында оқытушы және Президент оркестрінің солисі.

Джордан Аракелян – әнші, композитор, ән мәтіндерінің авторы. Этно-поп жанрын насихаттайтын ол Димаш Құдайбергеннің тобына бэк-вокалист және солист ретінде қатысты. Ерекше атап өтерлігі, Димаш ағылшын тілінде шырқайтын кейбір әндердің мәтінін Джордан жазған.

Sezim Music Show оркестрінің алда атқарар жоба-жоспары көп. Өнер айдынында қадамы енді басталған ұжымға шығармашылық табыс тілейміз!

Бұл күнде 90-дағы әжемін. Еңбек және тыл ардагерімін. Әкем Жұматай Наурызбаев Семей облысы (бұрынғы) Жарма ауданы Мариновка селосы мектебінің директоры қызметін атқарған.

# АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ



Соғысқа Жарма ауданының райвоенкоматынан шақырылған. Міне, құжаты: «Сообщаю, что ваш отец Наурызбаев Жуматай действительно призывался Жарминским райвоенкоматом 28 июля 1941 года. Другими данными не располагаем. Жарминский райвоенком, подполковник Кнышбаев, 17.05.95 г.» депті, өкінішті-ақ.

Төрт баламен анамыз зар жылап қала берді. Алды сегізде, кішісі бесікте еді, үшеуі – ұлдар. Әкемнен келіп тұратын үшбұрышты хаттар да аяқталды. Соңғы хатында (42 ж. июль) мені басқа госпитальге ауыстырайын деп жатыр деген сөзі болыпты. Анамыз поштаға барғанда, әкемнің партбилеті мен аздаған ақшасын қолына ұстата салыпты. Зар еңіреп шуладық та қалдық қой.

Соғыстың төрт жылғы қасіретін көргенде көрдік. Анамыз қырманға жұмысқа шықты. Үйдегі ұсақ-түйек жұмыс, сәбиді емізіп әкелу, т. б. менің мойнымда болды. Қырманда бидай-арпа шашылып жатса да, бір уыс алдырмайды, аңдып тұрады. Әскер семьясы деп қорегі жоқ бірдеңе береді, оны да аламыз. Сонымен не керек, солай да солай дегендей, соғыс аяқталды. Анамыз төркін жұртын сағалап, Павлодар облысы Арбиген ауылына көшіп келдік. Кішкентай сәби бауырым шейіт болып кеткен еді.

Төрт жыл бойы мектеп есігін ашқан емеспін. Нағашым Солткен Демесинов Арбиген жетіжылдық мектеп директоры екен. «Өлмегенге өлі балық» деген болды. Оқуды 5 кластан бастадым. Қиыншылықтың небір хикметін көрдім ғой. Бәрі ойымда, айтып тауыса алмаймын. Онжылдықты да, институтты да ойдағыдай тәмамдап, оң мен солды білгеннен соң, әкемді іздей бастадым. Семейдің, Павлодардың, Ресейдің архивтерімен қанша жыл бойы жұмыс істедім. Үмітімді үзбедім. Бұл күнде нәтижесі баршылық. Астанада 2019 жылдан бері хабарсыз кеткен боздақтарды іздестіретін «Атамның аманаты» қоғамдық бірлестігімен тығыз байланыстамын. Әскери журналист Әбубәкір Смайлов деген азаматтың көмегі баршылық. Айтарым алғыс. Ресейдің Нижегородская обл., Володарский районы, п. Голышева деген жерінде бауырластар зиратында (575 нөмірмен) жерленген деген хабар алдық. Бұл жұмысқа Сергей Николаевич Румянцов деген адам басшылық жасайды екен. Осы азаматтың телефон нөмірін тауып берген – «Атамның аманаты» қоғамдық бірлестігі. Әкемнің аты мен тегіне архив құжаттарын көрсете отырып, түзету кіргіздік. Ендігі мақсатым – сол жерден бір уыс топырақ алдыру. Алла, сабыр бере гөр, қуат бере гөр деп күтудемін.

Наурыз айының 1 жұлдызында Алғыс айту күні мерекесімен құттықтап Есіл ауданының әкімі Дәрменияр Қыдырбекұлы келді. Алғыс хаты, жанында үш адамы, сый-сыяпаты бар. Аналық алғысым шексіз, басымды иіп, ризашылық пен рақметімді айтамын. Халық үшін атқарып жүрген еңбегіне табыс пен сәттілік тілеймін!

**Қазиза ЖҰМАТАЙҚЫЗЫ**

## ДҮЙСЕНБІ
## 17 НАУРЫЗ

**QAZAQSTAN**

Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні
6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 «Інжу-маржан»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Бүркітші қыз». Көркем фильм.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТІ». Реалити шоу.
13:45 «Дала дәмі»
14:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
15:00 «Қара шаңырақ». Телехикая
17:10 «Сезім толқыны». Телехикая
18:00 «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». Телехикая.
19:00 «ҚЫЗЫМ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». Телехикая.
22:15 «ЛӘЙЛӘ». Телехикая.
23:15 «1001 ТҮН».
0:50 «Ашық алаң».
1:40 «Сана»
2:40 «Тату-тәтті». Реалити шоу.
4:05 «Ауылдастар»

Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні
5:00 «Дүлдүлдер дүбірі»
6:00 Телехикая. «Пәленшеевтер 2»
7:00 «Оян-Наурызнама»
9:00 Мультсериал. «Том Сойер»
9:30 Телесериал. «Зимородок»
11:30 «Тамаша»
12:00 «President»
12:15 «Әлеумет»
12:30 Телехикая. «Жаңбырлы ғұмыр»
14:00 Телехикая. «Бахар»
16:00 Телесериал. «Триггер»
18:00 Новости
18:30 Жаңалықтар
19:00 Айтыс. «Асыл домбыра»
20:00 Кино. «Біржан сал»
22:00 Телесериал. «Перекресток»
23:00 Телесериал. «Триггер»

**ASTANA TV**

06.00 «Шаньян ханшайым» телехикаясы
06.40 «Зу-зу Күлпәш» телехикаясы
08.25 «Болмыс»
09.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
10.40 «Наурызнама»
11.00 «Манекенщица» телесериал
12.30 «Осман 2» телехикаясы
15.15 «Бажа» телесериал
16.35 «Чужие дети» телесериал
17.40 «Дом с лилиями» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
22.20 «Адасқан сезім» телехикаясы
23.20 «Осман 2» телехикаясы
01.00 «Склифосовский 10» телесериал

6:00 «П@УТINA» бағдарламасы
7:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:50 «ЧЕГО ХОТЯТ ЖЕНЩИНЫ»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:00 «НОВОСТИ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ИНКВИЗИТОР»
0:30 Ночной кинотеатр.
1:55 «П@УТINA» бағдарламасы
3:05 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

**КТК**

7:05 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!» (қайталау)
8:05 «ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ»
10:15 «ПАРАД ЮМОРА»
12:15 «ИНСАЙТ», мелодрама (к/ф)
14:25 «САШКА», мелодрама.
17:25 «РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА»
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «ЛИМИТЧИЦЫ», мелодрама.
23:50 «ВОЕННАЯ ПОЛИЦИЯ»
1:50 «МАРУСЯ», мелодрама
2:35 «САШКА», мелодрама (повтор)
3:25 «ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ», өзбек телехикаясы (қайталау)
5:20 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (қайталау)
6:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

**31**

06:00 «Әзіл студио»
06:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
07:30 «TikTok show»
08:00 Мультсериал «Буба»
09:10 «Великий Человек-паук»
09:40 «Айдаһарлар шайқасы»
11:00 «Тамаша Live»
11:30 «TikTok show»
12:20 Т/сериал «Ольга» 17-18 серии
13:20 «Жыным сол» комедия
15:10 «Неоспоримый 3» (повтор)
17:10 боевике «Самоволка»
19:10 Т/сериал «Ольга» 19-20 серии
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Перевозчик-3»
23:00 «Айдаһарлар шайқасы»
00:20 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:00 Реалити-шоу «Келіндер бәйгесі»
02:40 «Time Vine»
03:00 «TikTok show»
04:20 «1001 әзіл»
04:30 Телевикторина «BALA BATLLE»
05:20 «Ризамын»

**7**

6:00 Әнұран
6:02 «Бастық боламын» телехикая.
7:10 «Абысындар-2» телехикая
10:00 «Великолепный век. Хюррем»
11:00 «Бесценное время» телесериал
13:00 «Гюльчатай. Ради любви»
16:00 «СЕЗІМ ҮШІН» телехикая
17:00 «АБЫСЫНДАР-2» телехикая
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:20 «АБЫСЫНДАР-2» телехикая
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ»
21:00 «БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ» телесериал
22:40 «ГЮЛЬЧАТАЙ. РАДИ ЛЮБВИ»
1:20 «МАСКА KAZAKHSTAN» мега-шоуы
3:40 Q-елі
4:10 «Алло, бұл кім?» бағдарлама
4:40 «Қуырдақ»

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live» (каз.)
08.00 «Екі езу» (каз.)
08.20 Телехикая «Достық 99» (каз.)
08.45 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
09.45 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
10.10 Шоу «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
11.00 «ОРЕЛ И РЕШКА.ЧУДЕСА СВЕТА»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
17.10 Телехикая «Красавица и Нурдаулет»
17.40 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «НАЁМНИК»
20.00 ПРЕМЬЕРА! Сериал «ПАТРУЛЬ 7»
20.30 «ВЫЖИВШАЯ»
22.30 «КРОВНЫЙ ОТЕЦ» (криминальная драма, Мэл Гибсон, Эрин Мориарти, Диего Луна)
00.10 «Қызық Live» (каз.)
00.50 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
02.10 Телехикая «Мезгілсіз сезім»
03.00 «INSTA TV» (каз.)
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

## СЕЙСЕНБІ
## 18 НАУРЫЗ

**QAZAQSTAN**

ҰЛТТЫҚ КИІМ КҮНІ
6:00 ӘНҰРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
11:10 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ.
13:45 «ДАЛА ДӘМІ»
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «АҚОРДА»
14:25 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ»
15:00 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ».
16:00 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». ТЕЛЕХИКАЯ.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
18:00 «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
19:00 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ».
22:15 «ЛӘЙЛӘ». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:15 «1001 ТҮН».
0:50 «АШЫҚ АЛАҢ».
1:40 «САНА».
2:40 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ.
4:05 «АУЫЛДАСТАР».

ҰЛТТЫҚ КИІМ КҮНІ
5:00 «ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ»
6:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР 2»
7:00 «ОЯН-НАУРЫЗНАМА»
9:00 МУЛЬТСЕРИАЛ. «ТОМ СОЙЕР»
9:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ЗИМОРОДОК»
11:30 «ТАМАША»
12:00 «КӨЗҚАРАС»
12:30 ТЕЛЕХИКАЯ. «ЖАҢБЫРЛЫ ҒҰМЫР»
14:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БАХАР»
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ТРИГГЕР»
18:00 НОВОСТИ
18:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «КЕЛІНЖАН 5»
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БАХАР»
22:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ПЕРЕКРЕСТОК»
23:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ТРИГГЕР»

**ASTANA TV**

06.00 «Шаньян ханшайым» телехикаясы
06.40 «Зу-зу Күлпәш» телехикаясы
08.25 «Болмыс»
09.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
